


БАҒАСЫ 1 СӨМ.

# ФИЗИКА КАБИНЕТІНДЕ



# ПИОНЕР



ДЕКАБРЬ

1950 ГОДА

22 ЛЕТ



## Халық сайлауы

1950 жылғы 12-март күні Отанымыздың халықтары үкмет билігінің жоғары орны — ССРО Жоғарғы Советін сайлайды.

Бұл күн бүкіл халықтық қуанышты мереке болмақшы. Өйткені біздің елде сайлаушылар Жоғарғы Совет депутаттарын нағыз демократияшыл Конституция — Сталиндік Конституция негізінде, жалпыға бірдей, тең және төте сайлау правосы негізінде, дауысты жасырын беру жолымен сайлайды. Сайлауға еліміздің 18 жасқа толған барлық азаматтары қатысады. Бұл — капиталистік елдердің ешбірінде жоқ азаматтық ұлы право.

Халық сайлаған депутаттар халықтың қамын ойлайды халқымыздың тұрмыс күйін жақсарту беруді көздейді, еліміздің күш-қуатын арттыра беру үшін қызмет етеді.

Өткен сайлау 1946 жылғы 10-февральда болған еді. Содан бергі 4 жыл ішінде еліміз жаңа бесжылдықта халық шаруашылығының барлық саласында ұлы табыстарға жетті, еліміз коммунизмге қарай шапшаң алға басып келеді. Бұған бір ғана біздің республикамыздың 4 жылғы жетістіктері үлкен айғақ болады.

Жаңа бесжылдық Қазақстанды индустриялаудың жаңа жолдарын ашты. Республикамызда өнеркәсіптің жаңа салалары жасалынды, көптеген орасан зор өнеркәсіп орындары, электр станциялары, жаңа темір жолдар салынды және салынып жатыр. Ауыл шаруашылығында егін көлемі ұлғайып, дәнді егістерден мол өнімдер алудамыз, мал саны әлдеқайда артты. Республикамыздың өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы соғысқа дейінгі, 1940 жылмен салыстырғанда өнімді әлдеқайда көп береді.

Мәдени құрылысымыз да үлкен өрлеу үстінде. Соғыстан кейін Қазақ ССР Ғылым Академиясы, ондаған ғылыми-зерттеу институты құрылды, жүздеген жаңа мектептер мен клубтар салынды.

Республикамыздың көп мыңдаған адамдары социалистік жарысқа қосылды. Көптеген кәсіп орны, колхоздар, мыңдаған стахановшылар өзінің бесжылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шықты.

Қазақстандықтардың еңбектегі ерлігіне партиямыз бен үкметіміз әлденеше рет жоғары баға берді.

Кәзір сайлаушылар сайлау алдындағы жыйналыстарда Жоғарғы Совет депутатығына кандидаттар ұсынып жатыр.

Бұл күндерде жаңарған даладағы қазақ малшылары, күнгей Кавказдың жүзімшілері, шекарадағы совет жауынгерлері, Оралдың жұмысшылары — барлық сайлаушылардың аузында бір ізгі есім қайталанып айтылуда. Совет адамдары бұл есімді әр тілде, бір ерекше ыстық сезіммен айтуда. Ол кеменгер Сталин — ССРО халықтарының қамқоршысы және досы. Халық өзінің бірінші депутаттығына Сталин жолдасты ұсынуда.

Біздің халық әрбір адамның Отан алдындағы еңбегін жете бағалай біледі. Адам қай қызметте істесе де, өзінің еңбегімен халыққа берілгендігін және совет мемлекетінің мүддесін қорғай алатын қаблетін таптыса, ол адам халық сеніміне ие болады, халық оны қадірлейді. Бұдан асқан аброй бар ма! Міне сондықтан да халық ұсынған кандидаттар қатарында жұмысшы да, колхозшы да, ғалым да, ақын да, артист те — сан алуан мамандықтың өкілдері бар.

Халқымыз 12-март күні еліміздің таңдаулы ұлдары мен қыздарына бір адамдай дауыс бермекші. Сендердің ата-аналарың біздің өміріміздің бұрынғыдан да дәулетті болуы үшін, сендердің бақытты болашақтарың үшін дауыс береді.

Балалар, сайлау алдындағы қызу науқанға сендер де ат салыса аласыңдар. Сайлау учасоктерін жабдықтауға, сәндендіруге көмектесіңдер. Ата-аналарыңа Сайлау ережесін және түрлі жаңа газеттер оқып беріңдер.

И. К. ЛУКЪЯНЕЦ,

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары.





*Иосиф Виссарионович СТАЛИН*

## **БЕЙБІТШІЛІК АРМИЯСЫ**

Бұдан отыз екі жыл бұрын, шетел басқыншыларына және ескі, латина өкметі әскерлерінің қалдықтарына қарсы отты ұрыстарда жаңа армия — Совет Армиясы құрылды. 1918 жылы 23 февральда совет республикасының жас қарулы күштері Парва мен Псков түбінде неміс басқыншыларын талқандады, — бұл күн даңқты Совет Армиясының туған күні бұл тарих шежіресіне жазылды.

Совет Армиясын ұйымдастырған, Советтік Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін ұрыстарда оны құрыптай шыңдан жетілдірген — ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталин, большевиктік партия.

Біздің армияның құрылған күнінен бастап езгі мақсаты — Отанына, партияға адал қызмет ету, социалистік құрылысты, халқының бейбіт еңбегін қорғау болды. Ол 32 жыл бойы бұл қасиетті борышын адал ақтап келеді. «Оның бүкіл тарихы — қаһармандықтың, отанына шын беріліс қызмет етуінің және өзінің

жауынгерлік борышын ерлікпен орындаудың айқын үлгісі. Мұның өзі Совет Армиясының Ұлы Отан соғысындағы асқан жеңісінде өте-өте айқын көрінді. Отанымыз өзінің армиясының қаһарманлық істерін ешүақытта ұмытпайды» (И. В. Сталин).

Біздің армия — дүниежүзіндегі ең күшті армия. Ол — совет халқының бел баласы. Оны тек совет халқы емес, әлемнің азаттық сүйгіні халықтарының бәрі де зор құрметпен, қадір тұтады, халықтар оны жеңімпаз армия, азаттық армиясы деп атайды. Қызыл Армия бейбітшілікті және барлық елдердің халықтарының арасындағы достықты қорғау армиясы, дейді. И. В. Сталин жолдағ. Көсемнің бұл сөздері дүние жүзінің қаранайым атамдарының жүрегінен терең орын алған. Олар Совет Одағын, совет елінің армиясын — бейбітшілік пен хауіпсіздіктің берік тірегі деп біледі.

Күні кеше совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысы кезінде бүкіл ал-

ыңғы қатарлы адам баласы біздің армиямызға зор үмітпен, сеніммен қарады. Біздің жауынгерлеріміздің бұрын-соңды болып көрмеген қаһармандық ерліктері арқасында фашист жыртқыштарың күлі көкке ұшты.

Совет әскерлері ұлы Сталиннің басшылығымен фашист басқыншылардан туған жерімізді толық азат еткеннен кейін, іле-шала фашистік бұғаудағы басқа халықтарға да тусекандық жәрдем берді. Оларды құлдықтан, фашистік төңкіден мәңгілікке азат етті. Сөйтін, Совет Армиясы екінші дүниежүзілік соғыста прогресшіл адам баласын фашистік тажаудан аман сақтап қалды. Гитлер Германиясы сыяқты күшті, зұлым жауға қарсы күресте бізге Америка, Англия капиталистері марымды көмек көрсетпеді. Олар бұл соғыста біздің елдің алдыруын көздеді.

Бірақ капиталистер есебінен мықтан жаңылды. Совет Армиясы Ұлы Отан соғысының соңында бұрынғысынан әлде қайда күшті армияға айналды. Дүниежүзі халықтары алдында беделі артты. Бұл жағдай капиталистерге тіпті-ақ ұнамайды. Олар жеңілмеген Совет Армиясын, құдіретті Совет елін көріп үрейленеді. Өйткені қазір көптеген елдердің халықтары совет халқының жолына, коммунизм жолына түсті. Батыста — халықтық демократия елдері — Польша, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Албания, Шығыста — ұлы Қытай халқы социализм құруға кірісті. Социализм құрушылардың мықты тірегі — Совет Одағы. Мұны капиталистер жақсы есепеді.

Сондықтан да, қазір Америка, Англия капиталистері Совет Одағына қарсы жаңадан соғыс ашамыз деп күш көрсетуде. Олар совет халқы, сонымен бірге бүкіл дүниежүзі халықтарын құлдықта ұстап, өздерінің өктемдігін жүргізуді көксейді. Бұл арам ишпектерін жүзеге асыру мақсатымен, Америка, Англия капиталистері басқа елдердің капиталистерімен бірігіп, түрлі соғыс одақтарын тұрын жанталаасып жатыр. Бірақ, олар бұл қақпақшымен бізді есепте алмайды.

Совет халқы сталиндік бесжылдықтар кезінде өзінің армиясына хажет қару-жарақ жасап шығаратын көптеген заводтар салды. Совет Армиясы қазір техниканың ең үздік түрлерімен қаруланған. Совет Армиясы құрамаларын коммунист партиясы, И. В. Сталин жолдас баулып өсірген тәжірибелі колбасшылары басқарады.

Совет халқы өзінің армиясын жаңындай жақсы көреді. Отан солдаттары халқынан сарқылмас моральдік күш-жігер алып отырады. Халық жауынгер ұлдарының қаһармандық ерлік істерін мадақтап жыр етеді. Совет Одағының мемлекеттік гимнінде де ұлы көсемдеріміз Лениннің, Сталиннің есімдерінен кейін біздің даңқты армиямыз аталады:



Біз Армия майданда өсіріп, шыңдадық,  
Басқыншы сұм жауды тапқан табанда.  
Уриактар дағдырың шешеміз майданда,  
Отанды бастаймыз абырой-атаққа!

Біздің Мемлекеттік гимнің бұл айбынды сөздері ұрыстарда шыңдалған сүйікті армиямыздың атақ-даңқын одап сайын асыра жүн сайын астанамыздан радио арқылы шар тарапқа саңқылдап естіліп тұрады.

Ұлы Сталиннің бастауымен Совет халқы коммунизме қарай алта басып келеді. Байтақ Отанымыздың түкпір-түкпірінде ұлы құрылыстар салынып жатыр. Еліміз Сталиндік жаңа бесжылдықтың төртінші жылын орасан зор табыстармен аяқтап, жаңа жылға қадам басты. Быйыл өткен жылғыдай да зор табыстарға, жеңістерге жетеміз. Қуатты Совет Армиясы халқымыздың бейбөт, жемісті еңбегін сақ қорғауда.

Еліміздің барлық халықтары, жасөспірім балалары да өздерінің сүйікті армиясын, оның даңқты жеңістерін мақтанып етеді.

Балалар қиялшып келеді. Есейгенде кім болатынына қазірден-ақ көз жүгіртеледі. Біреуі заводта шебер жұмысшы, екіншісі егіс даласында агроном болғысы келсе, үшіншісі біреуі — оқымысты, тағы біреуі — мұғалім болып, қазіргі өзіндей балаларды оқытуда арман етеді. Жас ұландарың ізгі армандарының ұны-қыйыры жоқ. Бірақ әрбір пионер, әрбір мектеп оқушысы келешекте кім болғысы келсе де, соларың бәріне ортақ бір арман бар, олар өзінің сүйікті Отанының батыр ұланы, қорғаушысы болуды, Совет Армиясының ержүрек солдатты болуды ойлайды.

Соғыс ісі — сан алуан күрделі іс. Оны жан-тәнімен сүйіп, қажырлылықпен үйренген адам ғана жетік меңгереді. Жақсы жауынгер болу үшін пионер жақсы оқуы тиіс.

Сондай-ақ жақсы жауынгер болу үшін пионер денсаулығын құрыптай шыңдап, солдат өмірінде кездесетін ыстық-суыққа осы бастан дағдылана беруі керек. Туған өлкеңі зерттеу жөніндегі жорықтар, спорт және дене шынықтыру ойындарымен үнемі шұғылдану — жас пионерлерді еңбек етуге, отанды қорғауға әрқашан өзір тұруға баулайды.

Жас достар, «Пионер» журнадының жас оқушылары мен жас тілшілері, сендерді айбынды армиямыздың 32 жылдығымен құттықтаймын және Отанымыздың ғылым негіздерін меңгерген, барлық жағынан жетілген ардақты азаматтары болып өсулеріңді тілеймін.

Ленин — Сталин ісі үшін, күреске әрқашан дайын болыңдар, жас достар!

**М. НҮРҒАЛИЕВ.**



## Отаның өз үйіңнің іргесінен басталады



Жас ұрпақ көктем келісімен өлке саяхатына шықты. Ол ұлан-байтақ Отанның ойы-қырын еркін шартайды. Олардың бір тобы көк масағы кілем жамылған арканың кең даласын сайраңдаса, екінші тобы көбік шашқан асау толқынды тау өзенін бойлап асқар шыңдарға көтеріледі; үшінші тобы ву орманды кезсе, төртінші тобы мұз мұхит жағасында солтүстіктің ызғарлы табиғат құбылысын бақылайды. Лек-легімен Отанның әр тарапына жорыққа шыққан жас буын табиғат құбылысын көзбен көріп, оның тамаша сырларына қанады. Орман-тоғай, тау-тас, дария-мұхит, көк шығын-міне осының бәрін аралау, білу өте пайдалы екенін көреді.

Ел аралаған, тау кезген оқушы жастар жазғы демалысымен біздің елге осылай сайрапмен өткізеді.

\* \* \*

— Мұндай мый қайнар ыстықты көріп бе едің, достым?



Алматы оқушылары Алатау аңғарында

— Я, Азияның ыстығын Москвада жүргенде кітаптан оқысақ, енді міне көзбен көріп тұрмыз ғой.

— Ә, солай ма! Жоқ, ыстығы ғана емес қақаған суығын да көрер күнің алыс емес. Жүр жыйналайық! — деп ерте жөпелді Забиров, жолдасы — Богдановты.

Москва университетінің студенттері Забиров пен Богданов өлке тау жорығына шығып қыйырдағы Ош қаласына келді. Ошта бірнеше сағат болғанында олардың шыжыған ыстықтан қанап, естері шықты. Көп кідірмей өлке танушылар бұл қаладан бөтті «дүние төбесі» — Памирге бұрды. Жас жорықшылар Оштан Памирге жеткенге дейінгі төрт күн ішінде жылың төрт мезгілі: жазды, қысты, күзді, көктемді де басынан кешірді. Әуесі айналып жерге түскендей мый қайнар Ош қаласынан Алатаудың бөктеріне жеткенде олар, күздің суық қара жаңбырына киікті, оған әрі Алай дөңіне көтерілгенде алай-түлей боран ішін тарта соқты. Әнәугі Оштың ыстығы енді ұшыраспайтынына көзі жеткен жас өлке танушылар бетке кіріп, мақпалы бешмент, шалбар, пима, тон және басқа жылы киімдерді қуана-қуана киді. Өжет жастар асқар биіктерге көтерілді, омы қардың бетінде шаңғымен зымырап таулы жердегі мыңдау табиғаттың сырғына қанды. Талай қызықтарды көрді. Олар осында үскірік соғып тұрған Шығыс Памирге бұл бұрқыраған ыстық суға түсіп, Москва өзеніндегіше құлаптан жүзін рахаттана сайраплады. Бұл, таудың астынан қайнап шығатын бұлақтың шым-шым суы еді.

Ақ шуда басқан бурадай, төсінен түсі суық көрісетін Памир тауының ішінде табиғаттың гажайып сырлары осындай. Мұнда жаратылыс байлығы ұшан теңіз. Памир асуының Шығысы—үскірік суық, жері, тауы қылғасыз болса, Батысы—хөш иісті гүлдер өскен жеміс бағы. «Дүние төбесінің» терең сырғын, қытымыр мінезін зерттеу үшін Москва студенттері жорыққа аттанғанда, социалистік Отанның әр бұрышына, өлке зерттеу жорығына еліміздің мектеп оқушылары лек-легімен ағылған еді.

\* \* \*

Оқулық аяқталуына қарамастан оқушылар бүгін мектепке ертемен жыйнала бастады. Келушілердің бәрі бір класқа кіріп жатты. Бір класқа кіргенімен олардың бәрі осы кластың оқушысы емес—әр кластың оқушысы. Тағы бір өзгешелік: оқушылар тегіс

жылаушыларша жұпыны, жыйнағы кинтеп. Қошпа-  
ның арқасында жорық қанығы бар. Осының бәрі  
келген бетте вожатыйдың алдына барып жорыққа  
азірлігін баяндайды. Отряд вожатыйы тастай түйін-  
ген, саран жауап беріп, жұрттың бәрін көзімен бар-  
лайды.

Мұғалима Чистоедова класка кіре бергенде, оқушы-  
лар әдепмен орынан тұрды. Өр кластан жыйналған  
оқушылардың бір кластағыдай өте әдепмен қарсы  
алуына, сезгін оқытушы іштей қатты сүйсінді.

— Отырыңыздар, жас жиһанкөздер! — деп жылы  
шыраймен ишарат етті ол.

— Отряд жорыққа әзір, шәкірттеріңіздің аттанар  
алдында сіздің аузыңыздан жолдама есіткісі келеді, —  
деді отряд вожатыйы.

— Жорыққа көп әзірлендіңіздер. Вожатыйларыңыз  
бұл жұмысты мектеп директорымен, мұғалімдермен  
бірлесе жүргізді. Жорық жоспары қайта-қайта қарал-  
ды, танысатын жерлер әбден анықталды, жүріс марш-  
руты әр қайсыңыздың қолыңызда. Жорық осы Шым-  
кенттің өзінен басталып Барраж—Головной—Актаст-  
тау—Ходжікент—Қызылкент—Шыршық арқылы Таш-  
кентке барып оралумен аяқталады. Бұл жорыққа мен  
де сендерге жолдаспын. Отряд әзір болса, жорыққа  
бастаныз, вожатый жолдас! — деді жәймен мұғалима.

Өлке зерттеу әңгімесі көтерілгенде Шымкенттің 4-  
србалалар орта мектебі оқушыларының ойына  
Н. Н. Михайловтың «Біздің ел» деген кітабындағы  
мына бір сөзі сан өте түсті. Онда: «Сенің ұлы отаның  
өз үйіңнің іргесінен басталатынын сен ұмытқан жоқ-  
сың ба? Айналана көз жіберіп қарашы: сол көрінген-  
нің бәрі Отанның бөлшегі емес пе?.. Сенің өлкең өз  
еңбегімен бүкіл ел еңбегіне ұласпай ма? Ал, сол өз  
өлкенді жақсы білесің бе?! Осы айналада, көз ал-  
дыңда талай тамаша қызықтар ба-  
рын сен шын білмейсің ғой. Міне  
соларды барып көр, біл, құрметте»  
делінгенді. Осы сөзді еске түсірген  
оқушылар, өлке зерттеуді өз қала-  
мыздан бастаймыз деп мақұлдасты.

Оқушылар вожатыйы мен мұға-  
лимасына ерін жүріп қаланың ірі  
өндіріс орындарын аралады. Өнім-  
нің қалай шығарылатынын білді.  
Атақты стахановшы жұмысшылар-  
дың әңгімелерін тыңдады. Бұл күн-  
ге дейін мектепте жиі есіткені-  
мен байыбына жете түсіне алмай-  
тын завод, жұмысшы, өнім деген  
сөздер оларға енді өте ұғымлы  
болды. Жас жорықшылар өндіріс  
орындарын біраз аралап болған  
соң колхоздарға шықты. Мақта егі-  
сін, дәнді егісті көзімен көрді. Олар-  
дың көзден келе жатқанында бірі-  
нен бірін айыра білуді үйренді.

Колхоздағы бригадалардың, звенолардың қалай  
құраматынын білді, Егін шеберлерінің жұмысын,  
еңбек ету әдісін түсінді. Өндіріс орындарында, кол-  
хоздарда болу оқушыларға өмір негізі — еңбек екенін  
ұқтырды. Сырт көрінгенімен ой-шұқыры көп осы «үй  
іргесін» білгеннен кейін жорықшылар Бостандық ау-  
лындағы қарлы Актастауға бет бұрды.

Өжет жастар жар тастарды қыялай шеберлікпен  
Актастаудың шыңына өрледі. Өлденеше түпсіз құздар-  
дың жарынан еппен аман өтіп, олар 12 сағатта шы-  
ның басына шықты. Қарлы таудың басынан мәуеле-  
ген алма бағына көз жіберіп, оқушылардың табиғат  
құбылысына жаны рахаттанды. Сонау шаңы шыққан  
жазықтан, күнге бір табан жақын бұл таудың әу-  
райы неге салқын екенін анықтады. Жорықтың ыс-  
тық-суығына шыныға бастаған жас өлке танушылар  
қарлы таумен танысын болған соң, көршілес респуб-  
лика — Өзбекстанға тартты.

Жас өлке танушылар жеміс ағашының көк торғы-  
нын жамылған Ходжікентті, Қызылкентті аралап,  
Шыршық өзенінен барып шықты. Шыршық электр  
станциясымен танысын болғансоң олар Ташкенттің  
өзіне келді. Орта Азияның ескі мұраларын сақтаған  
көне Ташкентте жас меймандар көп мәдени мұралар-  
мен танысты. Олар сурет музейінен атақты орыс су-  
ретшілері: Репин, Шишкин салған суреттерді көрді,  
өзбектің даңқты халық ақыны Навои қалдырған әдеби  
казынамен танысты. Ташкенттің қаласын аралап көп-  
көп ғылыми мәліметтер жыйнады. Шымкенттің жас  
өлке танушылары 15 күн ішінде 168 километр жол  
жүріп, жорықты осылай аяқтады.

Олар бұл сапарында мектебіне көп тау жыныста-  
рын, өсімдік гербарийлерін, экспонаттар әкелді. Оқу-  
шылардың бұл таумен келген өлкемен жаратылған



Алматы оқушылары өрге көтеріліп барады.

тану, география пәндерін жақсы ұғындыруға өте пайдалы, көрсекі құрал болды.

\* \* \*

Алматының бір топ оқушысы 1897 жылы Верный-де жер сілкініуден бүлінген орындарды зерттеуге шықты. Олар Алматы сыртындағы Грязнуха өзеніне келді. Сол өзен бойындағы бірін-бірі жастапқан үйдей тастарды көріп, сілкініудің өте күшті болғанын анықтады. Бұл тастардан әрі қарай жас саяхатшылар бес километр жол жүріп Көкшөкы тауының бөктеріне жетті. «Ол жерді көргенде керемет қайран қалдық. Алматыда тұрып мұндай жерді әлі көрмеген екенбіз. Жер бетіндегі барлық әсемдік осы араға жыйналған екен. Қараған сайын көз тояр емес» деп жазды олар күнделік дәптеріне. Туған жерін, өлкесін араларып, көрген сайын жас адамның Отанға деген махаббаты осылайша арта бермек. «Өзіңді патриоттыққа тәрбиелеу өз отаныңды терең ұға білуден басталады» деп М. П. Калинин тегін айтбаған.

Бұл өткен жазда өлке тану жорығына Қазақстанның барлық облысының 19475 пионерлері мен оқушылары, 1250 өлке танушылар отряді қатысты. Олардың бірсыпырасы саяхатқа жуық маңға шықса, бір сыпырасы алыс сапарға барып өл көріп, жер аралады. Осы жорықтарға қатысқандардың әр қайсысы мектептеріне пайдалы сыйлықтармен оралды. Мектеп музейлері мен кабинеттері тастар мен жәндіктер кол-

лекциясына, түрлі өсімдіктер гербарийіне, тарихи зәттарға, жорық күнделіктері мен суреттеріне тола бастады. Бұл жыйналғандардың бәрі ұлы Отанның әр өлкесін, оның бай қазынасын, бақытты елін шежірелейді. Сараң табиғаттың тұйық сырын зерттеп ашуға жәрдемдеседі.

Өлке тану саяхаты біздің елде дәстүрге айналған. Саяхаттың адамды шынықтыратынын, ысылдыратынын, қайратты ұшырлайтынын, төзімділікке дағдыландыратынын пионер ұйымдары, пионерлер мен оқушылар әбден ұққан. Саяхат-білім, саяхат-қызық, саяхат-демалыс! Сол себепті жас саяхатшылар саны жылма-жыл көбейе береді. Өткен жылы өлке тану жорығында болған жас саяхатшылардың жорық әңгімесі, күнделігі, жыйнап қайтқан табысы талай-талай оқушыны қызықтырған. Олардың осы күні-ақ жорыққа аттанғысы келіп жүргендері көп. Мектептің көмекшісі, пионер ұйымдары оқушыларды негізгі міндет — оқуға жақсы қатыстыра отырып саяхат әзірлігін дегерімен жүргізе бергені жөн. Быйылғы өлке тану саяхатына бытырғыдан да көп қатысайық. Кең өлке — республикамыздың көп қазынасына, өсімдік, жан-жануар дүниесіне бай жер-суын шарлайық! Шыйыр болсын өл, біздің жорықтан, бағындырайық біз оның адыры мен айдынын, мұхиты мен тегізіні.

М. НҰРТАЗИН

## Саяхат шежіресі

(Алматы қаласының Молотов атындағы № 37 қыз

балалар орта мектебі оқушыларының күнделігі)

1949 жылдың 25 июлі күні таңертеңгі 8 сағат 15 минутта біз машинаға отырып, тауға қарай аттандық. Бұл біздің көшпен асыға күткен саларымыз еді. Жас экскурсанттарға толы біздің машинамыз зырқыраған бойы қала бетіне де шығып қалды. Өзірше көш бол, қала! Біз қызықты саяхатқа бара жатырмыз.

\* \* \*

Сағат 11 де біз негізгі базамызға жетіп те үлгердік. Азық-түлік салынған рюкзактарымызды дереу машинадан түсіріп, қолған жерімізбен танысуға кірістік. Қандай тамаша еді айнала! Бірақ, ол жерді тамашалап тұра бергенмен іс бітпейді, қона алқалық орын қарастыру керек болды бізге.

\* \* \*

Біз үнемі негізгі базамызда отырып тамақ ішуіміз сағат ешкіміз жоқ. Біз көбінесе жорықтың өзінде жүріп-ақ тамақтануды ұнататын едік. Жорық жасап келе жатқан кезде бір алаңға тоқтай қалып, таза ауада отырып ішкен асқа не жетсін, рақат қой ол!

\* \* \*

Жорық кезінде де біз күнді қалай өткізудің тәртібін бұлжытпай сақтап отырдық. Үнемі таңертеңгі сағат 7 де тұрып, ертеңгілік денешынықтыруға жаттығып, содан кейін өзенге барып жуынып, таранатынбыз.



Шың басында.





„Таза ауада отырып ішкен тамаққа не жетсін“.

\* \* \*

Осылардан соң өлке зерттеуге шықтық.

Бұл өзеннің алабына тасқында ағып келген әртүрлі тау жыныстары шөккен екен. Ал, ол тасқын күшінің керемет болғандығын көпірдегі кәдімгі темір жол рельсінің оның доғара ұқсатып иіп кетуі-ақ дәлелдейді.

\* \* \*

Ол өзеннің аты да Грязнуха (лайлы өзен) екен. Оның көлденеңі жарты метр ғана. Ал, ағынының жылдамдығы секундiне 1,5 метр болады. Бір секундте 2 литр су ағып өтеді. Осындай кішкентай өзеннің жоғарыда айтылған үлкен сұрапыл күшке арна болғаны ғажай емес пе.

\* \* \*

Бұл лай өзеннің алабын зерттеп болғаннан кейін, біз оның бойымен өрлеп отырып, 1897 жылғы жерсілкінудің дүмпуі өрістеген жерге баруды ұйғардық. Лай-өзеннің арнасы барған сайын биік құзға бойлап, қылындай берді.

\* \* \*

Өрге шығу оңай емес екен.

Осы жерсілкіудің дүмпуі басталған тұсқа қарай өрлеуіміз ұзаққа созылды. Міне, сол биіктен кейінге көз саламыз. Бұл арадан қала да, оның айналасындағы бау-бақша да алақанның аясында тұрғандай айқын көрінеді.

\* \* \*

Сол жерсілкінудің дүмпуі дәл осы арадан басталған. Ол жерсілкіну кезінде нақ осы арадан 10 миллион тонна тау жыныстары құлап түскен.

\*\*\*

Мынау Милютин сандлауы. 1897 жылғы жерсілкінуі кезінде ерте заманғы тау жыныстары осылайша жаңаштанып қалған. Кәзір ол жыныстар жел қағып, үгіліп, жұмсақ жыныстарға айналып барады.

\*\*\*

Қазақстан өсімдіктерге бай және онда өсімдіктердің сан-алуан түрлері бар. Әсіресе, тау өсімдіктері санап тауысқысыз. Біз кісі бойынан биік, үлкен жашырақты, жасыл өсімдік кездестірдік. Оны жылқы қымыздық деп атайды.

\*\*\*

26 июль күні бес километр жол жүріп, Көкшоқы тауының етегіне жеттік. Ол жерді көргенде керемет қайран қалдық. Бұрын мұндай тамаша жерді көрген емеспіз. Жер бетіндегі барлық өсімдік осы араға жыйналған дерсің. Қараған сайын көз тойр емес.

\* \* \*

Біз екінші таудың етегіне келдік. Ол таудың ар жағында үлкен Алматы көлі бар.

Біз дем алып, күш жыйнауды ұйғардық. Алдымызда биік тау, үлкен өр тұр. Бірақ, ол бізге қорқынышты емес. Неге десең, бізді Отан төзімді, көмбіс, қажырлы етіп тәрбиелеп келе жатқан жоқ па?!

\* \* \*

Баста ойға алған нысанамызға жетуге асығудамыз. Міне... ақырында ол нысанаға да жеттік, алдымыздан толқынсыз, тымық, жалтыр көл көрінді.

— «Ура!» деп айғайлап та жібердік біз оны көргенде. Қуанғанымыздан көлге қарай жүгіре жөнелдік. Біз оның оңтүстік жағасынан келіп шықтық.

\* \* \*

Желсіз күнде күміс көл тып-тымсық болып, жалтырап, беті болмашы ғана дірілдейді. Күн міне бұлтқа кірді. Бірақ, көл беті әдемі көркін жоймай мөлдіреді де жатты. Көлдің бұл көркі айналадағы қарлы таулардың түсімен ұштасып көз тарта жарасып тұрды.

\* \* \*

Алматы көліне бара жатқан жолымызда біз күшті сарқырамаға да кездестік.

\* \* \*

Мынау үлкен Алматы көлінің терістік жағасы. Көлдің бұл жағасы тастақ. Біз ол жерде жақсылап дем алдық. Сол жағада бізге мұғаліміміз Любовь Марковна бұл көлдің қалай пайда болғанын айтып түсіндірді.

\* \* \*

Таудан қайтар алдында жақсылап тынықтық. Қош бол, күміс көл!

\* \* \*

Үйге қайттық.

# Ана баласы

Н. ГАБДУЛЛИН

Ә Н І М Е

Суреттерін салған Г. КИМ

Мектеп клубына жыйналған көпте бүгін ерекше бір қуаныш бар секілді. Бір-біріне ақырын ғана тіл қатады. Алдыңғы қатарда отырған қарт ана да көңілді, сахна шымылдығына жиі қарап, біреудің шығуын асыға күткендей қозғала түсіп отыр. Бір сәт: «ар жағынан көрінбес пе екен?» — дегендей шымылдық бойын қуалай көз жібереді.

Сахнаның сол жағында, шымылдық тасасында артистер кіріп-шығатын ұзынша бөң бөлме бар. Оның іші бүгін жас өнерпаздарға лық толы. Біреу тақияғын іштей қайталап, біреу қобызын, біреу домбырасын күйлеп, концерт басталғанша өзді-өзі сынасын жатыр. Тек бір шетте оқшау отырған скрипкашы бала ғана үнсіз. Демін ақырын алып, терең ойға шомғандай. Анда-санда скрипка тиегіне қарап қояды. Дайындығын сұрағалы келген аға вожатый Сәлімге де «әзірмін» дегеннен басқа шешіле сөз айта қоймады.

Ол бұдан бұрын сахнаға шығып топ алдында талай қыйын әндерді де скрипкамен тамаша орындап бере алған. Бүгін де сол әдетімен кезегін сеніп күтуде ме, жоқ, аз дайындықпен келіп отыр ма? Ол қозғалмай үнсіз әлі отыр.

Оқушы балаларының өнерін көруге келген ата-аналардың қуана қол соққан даусы естіледі. Оның ішінде өз ұлының кезегін күтіп қарт ана да қол соғады.

Скрипкашы бала өзін үлкен сынға түсуге бекітіп отыр. «Ойдағыдай орындап шыға алсам жақсы, орындай алмасам—деп ойлады ол. — үйретушінің еңбегін босқа жібергенім ғой. Анама не деп айтпақпын?». Осы ой одан әлі арылмаған. Бір уақыт ана жүзін көз алдына келтіріп, өзінің жас та болса елеулі жолын есіне алғандай болды...

\* \* \*

...Қараңғы тас бөлмеде жатқан бала тұруға екі-үш оқталып, қайта жығылып қалды. Бар денесі ауыр зілмен езіп басып кеткендей қозғалмайды. Сәл жоғары көтеріле берген қолы сылқ етіп төмен түсіп кетті. Ол ұзақ жатып қайтадан тұруға ыңғайланды. Бар күшін бойына жыйнағандай кішкене жұдырығын қатты түйіп тістегіні алды. Икемге келген соң ақ қолымен жер тіреп, салмағын оң аяғына сала тәлтіректеп тұра келді. Ол жаңа байқады, жатқан орны қар аралас мұздақ боп қатып қалыпты. Бөлме іші әрі ызғарлы суық, әрі қараңғы. Орпынан сәл қозғала бергенде, сол жақ аяғы сытыр етіп сынып кеткендей болып, бір жағына қыйсап бере етпетінен қатты кұлады. Бала есінен танып кетті. Өлден уақытта кұлағына мылтық даусы келгендей боп, жасқа суланған кірпігін сәл ашып қараған ол, басын көтере беріп, қайта есінен адасып қалды...

Бір уақыт есі кірген бала өзін, жылы орап жатқызып, қатты жүріспен келе жатқан шана үстінде көрді. Қарсы алдында автомат асыңған қою мұртты, өткір көзді, өзіне таныс партизан ат айдап отыр.

— Қайда барамыз? — деп сұрады бала.

— Тылға, өзіміздің жерге, — деді партизан.

\* \* \*

Балалар үйінен шығып сол жақтағы әдемі бақшаға қарай жүгірген көп баланың ортасында сол аяғын сылтый басып біреуі келеді.

— Тезірек, тезірек! — дейді ол өзінен сәл кейін қалған балаларға бұрылып, — жақсы күй тартылып жатыр.

Бұлар келгенде ашық сахна алдында бір топ музыка шеберлері Глинканың «Вальс-фантазиясын» джаз-оркестрде ойлап тұр еді. Екпіндей жүгіріп келген балалар бір шеттеп еппеп келіп тыңдай қалысты. Қатты дем алып еңтігіп тұр. Түрлі аспаптан шыққан үн бірде жіңішке, бірде жуан дауыспен, бір біріне қосыла әдетін балаларды қызықтыра түсті.

— Қандай тамаша күй! — деп, құмарта тыңдап тұрған балалар ойын «Концерт осымен аяқталды» — деген сөз бөліп кетті.

«Қап! Ертерек келмегенімізді қарашы!»

Топ бала өзара сөйлесіп бақша ішін аралай ілгері жүріп кетті. Біресе жайқалып тұрған қош иісті гүлдерге, біресе жолдарында кездескен түрлі түсті суреттерге тоқтала қарап келе жатыр. Бір аяғын ақсый басқан бала жаңағы бір оркестр үніп қайта-қайта есіне алады. Мен де солардай болуым керек деп, өзін-өзі бекіте түседі. Осы ойда келе жатқан ол дауыстап шақырған жолдасын, нығынан тартқанда бір-ақ бұрылып қарады.

— Сенің әлең бар ма еді?

— Жоқ...

— Аяң ше?

— Аяң да жоқ. Отан соғысында немістердің қолына түскенімізде атып өлтірген.

Бала мұңайған жүдеу пішінмен төмен қарады.

— Сені бір кісі іздеп көрді. Мен сенің аяң шығар деп ойлап едім, — деді жолдасы әлден уақытта. — Әлде бірде туған апаларың бар ма еді?

— Жоқ... Қане, көрейікші ол кісіні. Қай жерде тұр?

— Міне, өзі де келе жатыр екен.

Екі бала тура өздеріне беттеп келе жатқан балалар үйінің менгерушісі мен қарт анаға қарсы жүрді.

— Мына кісіні таныймысың? — деді балалар үйінің меңгерушісі, Коляға ананы көрсетіп.

— Жоқ, — деді Коля.

— Бұл кісі сені біледі. «Мәдениет» колхозынан келіп тұр.

— Я, мен сені білемін, — деді ана Коляға, — бұдан бұрын екі—үш рет келіп кеткенмін. Бүгін тағы келіп тұрмын. Ана Коляға жақын кезіп: — Сені алып кеткелі келдім. Маған бала бол, — деді.

Коля ананың мейрімді жүзіне ұзақ қарап тұрды да, көз қыйығын балалар үйінің меңгерушісіне аударды.

— Жәмила ана сені қалайды, — деді ол.

— Балам, — деді Коля аз ойланпн тұра да.

\* \* \*

Жәмила ана ұлын күтпн әлі отыр. Әлсіз-әлсіз төрте ілулі тұрған төрт бұрышты үлкен сағатқа қарап қояды. Кешкі сағат тоғыздан асып барады. Коля әлі мектептеп оралған жоқ.

Баласының келуін асыға күткен Жәмила сыртқа шығып байқамақшы болып, орнынан тұра беріп еді, алдыңғы бөлменің есігі ашылып, әлде кім өзіне қарсы жүргендей болды.

— Балам, — деді Жәмила кірген адамның Коля екенін танып, — неге кешіктін?

Коля скрипкасын қолтығына қатты қысқан күйі төрт бөлмеге қуана сөйлеп кіре берді.

Жәмила ең алдымен ұлының қуанышты жүзіне қарады. Көздері күлімдеп, ақшыл дөңгелек беті қызарған кейіпте тұр.

— Балам, айтар жаңалығың бар ма? — деді ана оның сырын іштей ұғынып.

Коля үндеместен скрипкасын орнына іліп қойған бойында, сырт киімдерін шешіп жатып:

— Жақсы үйреніп алдым, — деп өз-өзінен қуана сөйлеп жүр. Оның бұл қуанышы—орында қуаныш. Ол «Мәдениет» колхозына келіп оқуға түскен күннен бастап мектептегі домбыра үйірмесіне үзбей қатнасып жүрді. Қазір 6-класста оқыйды. Жақсы скрипкашы болып алды. Бүгін де үйірмеден кештете шығып келген беті. Анасына үлкен олжалы болып келіп отыр.

— Ана, — деді ол Жәмилаға тақау келіп, — бүгін Глинканың бір мұрасын үйреніп қайттық.

— Глинка кім?

— XIX ғасырдағы орыс халқының атақты күйшісі.

— Қазір тартып көрсетші, — деді Жәмила кұмартып.

Ол анасының әкім түсіп қартап тартқан жүзіне ұзақ қарап тұрды да, ілулі скрипкасын қолына қайтып алып, бұрын естілмеген тың күй тартты.

Ана ұлына жақын келіп отырып, оның перне үстімен жылжып жөнелген қолына қарады.

Сол ана бүгін ұлының көшегі айтқан Глинканың көпнеп бірге көріп, бүгін тағы есіткісі келіп отыр.

Глинка ұлы адам. Ұлы адамның мұраларын дұрыс орындай алмау Коляға үлкен ауыр қылмыстай көрінеді. Келгеннен бері Коляны ой теңізіне батырған осы жайлар болатын...

Сәлемнің: «Мектеп оқушыларының күшімен ата-аналарға арналған концертімізді бастаймыз» дегенін естіген Коля енді мүлде бойын жыйнап алды. Жүрегі жиі соғып, кезегін асыға күтті...

Оның кезегі де келді. Сәлем отырған көпке Коля Глинканың «Фантазия» вальсын скрипкада орындап беретіндігін қабарлады.

Жас скрипкашы көп кідірген жоқ, скрипкасын көтере ұстап сахнаға шықты. Ол алдыңғы қатарда отырған өз анасын бірден көрді. Анасымен бірге отырған көпті көзімен бір шалып отті де, нәзік саусағын перне үстінде жүгірте жөнелді. Шек бойлап сызыла шыққан әуез екпіндей қатты сазбен келіп, бір сәт үзіле жаздап төмендеп кетеді. Шек күйі бірде лықсып, бірде қайтқан толқындай майда қоныр дауыспен көп үстінде есіп тұр. Тыңдаушы жұрт осы әдемі әуезден бір кездегі орыс қыялының ұғын, жүрек сырын сезінгендей түрі бар. Қызыға түсіп, қадала қарап отыр.

Алда отырған Жәмила да Коля жүзінен көзін тайдырар емес. Өз баласы арқылы XIX ғасырдағы орыс күйшісін көріп отырған сияқты. Қартап жүзінде зор қуаныштың белгісі бар. Ол тамыажыған тәтті күйі-



мен колхозына Глинканың келгеніне қуанып отыр. Артында отырған жұрт та ананың осы ойын қосыла айтып отырғандай жас скрипкашыға қас қақпастан сүйсіне қарайды...

— Рахмет, бала! Аса түссін өнерің! — дегендей көң көзі.

Жұрттың қалауымен сахнаға қайта шыққан жас күйшінің скрипкасының даусы көңге дейін естіліп тұрды.



# Үшінші Алып

## Өксік өмірдің өшкен ізі

Мый кайнатқан қалпырық бұп. Өгізге мінген өкі қазақ таң атқалы ұзақ жүрістен шалдыққан. Торсықтағы ащы іркіттің жұғыны да қалмаған. Өттен таңдай жібітерлік бір тамшы су!.. Өгіз де тілі салақтап, бөзі аларып болдырған, басқан аяғы көрі кетеді. Аңда-санда бір ұшырайтын төбешіктер болмаса, айнала жап-жазық дала.

Әлден уақытта көз ұшында бір қара көрінді.

— Аға, көруенді көресіз бе? — деді бала жігіт, кұрғаған тамағынан сөзі үзіліп.

— Көзінің нұры тайған адам, не көруші еді? — деп тіл қатты үлкені, жасаураған көзін сүртіп жатып.

— Жаздың басталғаны жана, жер бетінде қурамаған шөп қалмапты ғой, аға.

— Бұл өңірде не бар дейсің?..

...Жақындап қалған көруен кенет оңға, жолсызға бұрылды.

— Мұнысы несі?

— Қарағым-ай, олар: «төнап алар» деп қорықты дейсін бе, әлеумізден. Жоқ, бұл әлкеде су деген алғыннан да қымбат. Сол суды сұрар деп жоламай кеткені де.

Сол құлазыған қу дала-бүгінгі Қарағандының бұрынғы орны дегенге, оқушы сен әрине, панбайсың.

Қарағандының тарихы қызық.

\* \* \*

Жапан түзе байдың қойын барып жүрген қойшы Апақ Байжанов 1833 жылы жерден «жанатын тас» табады.

Жаңалық қырға тез тарайды. Іцгәлік бай: «Қазынаға көнедім» — деп қуанады. «Ақшаға адам жанынан өзгенің бәрін аламын, бұл өңірді де алақаныма саламын» — деп Қызылжардың купені Никон Ушаков көпіреді. Екі бай мезде келіседі.

«Ұзындығы да, ені де он шақырым» Қарағанды басы Ушковқа 250 сомға сатылады.

«Қазақтың даласында көмір табылыңты» деген хабар аш қасқырдай жалақтаған шетел капиталистеріне де маза бермейді. Арсыз Ушаков Қарағанды басын Француз президентінің баласы Карноға 776 сомға сатады. Арамдық пен алдаудың алуан тәсіліне жетік ағылшын жыртқыштары көп ұзатпай Қарағандыны Карнодан «қағып» әкетеді.

Жаңа қожа Джим Герберт шахта ашып, көмір өндіреді. Аштық, жаланапшытық, мұқтаждық қамшысы айда-

ған қазақ кедейлері ауылдан көп шығатын жерге бұп-көріс іздеп келе бастайды.

...Ол кезде көмірді шабатын да, шанаға тиіп сыртына шығаратын да шахтердің өзі болатын.

Қатал қожа шахтаға жиі түсіп, бақылау жасайтын. Он жеті сағаттық жұмыстан соң аш адамда не әл қалады? Өксікінің жолын құшқан жас жігіт шанасын өрге әзер сүйреп келе жатты. Шанадағы көмір орта өккен. Мұны көзі шалып қалған Герберт, айт-түй жоқ, шанааның қолындағы қамшымен жоннан осып өтті. Жағымпаз десятниктің темір шапы жас жігіттің басын жарды.

Шахтерге айып салынды. Әлі кұрыған, өзегі талған ол, үш күн бойы көмір тиеген шана сүйретумен болды.

Сол жігіт — бүкіл елімізге аты аян, құрметті шахтер, Социалистік Еңбек Ері, бәзіргі шахта бастығы Түсіп Бүзембаев еді. Ол кезде бір Түсіп емес, бар шахтердің көрген күні сол болатын. Жер астына түскен жанның мыңнан бірі ғана тірі кұтылатын. Ол кездегі лава — көмір қазатын орын — тар қапас зыңданға ұқсайтын. Шахтер ұзақ күнге бөліп бір жазбай, еңкейіп еңбек өтетін. Шахтада апат көп болатын. Еңбегі еш адамдар ішсе асқа, кіссе киімге жарымайтын. 16—17 сағат жұмыс істеп тапқан таянғаны бұн бәрісіне де жетпейтін. Осындай аштық жаланапшытықтан, қанаудан еңбекшілер ажалдың қанды шеңгеліне амалсыз түсетін еді.

Шахтерлер ол кезде қыста қар басқан, жазда шан басқан көр барақтарда күн көшетін. Емхана мен мектеп, жақсы үй мен такси, адам қызметін атқаратын әлестір мен алып машиналар ол кездегі адамның түсіне де кірмеген хиялы болар.

1917 жылғы Октябрь революциясы Қарағандыдан қаніпкіш ағылшып жендеттерін де сыпырып тастады. Сол күннен бастап Қарағандының ендігі қожасы Герберт емес, еңбекшілер болды.

## Механика құдреті

Содан бері өткен 33 жылдың әр жылы, бір-бір тамаша дастан, жаңалық жылдары болды. Халық та жаңарды, Қарағанды да жаңарды.

Қарағанды XX ғасырдың қақ ортасында тұр. Оның көлбетіне енді қара!

Ғажап! Жетекшіміз бізді биік, кең коридорға әкелді, тақтайдай теп-тегіс төбесі де, қабырғасы да жы-

жытыр екен қолымыздары шамның сәулесі түскенде жалт-жұлт етеді.

Біз жеткенде үлкендігі орта танктей машина оң жақ жапсарда тұр еді. Машинаны электр тұтқасын төмен қайырды. Мотор гүрілеп, елеусіз алға жылжып бастады. Орта белдіктегі болат тістер жартастай тік, тұтасқан қара қабырғаға азуын басып айнала жөпелді. Жоғарғы тістер өз кіндігінде шыр көбелек айналып, төбені тегістеп жатты. Бұрыраған көмір машинаға жалғасқан ерекше механизмнен — конвейерден темір науаға шүмектен ағылады. Темір науа 150 метрдей жерге созылған. Оның ортасында ұзын темір шыңжыр айналады. Шыңжырдағы көлденең болат ескектер көмірді алға жылжытып, алысқа өкеліп жатыр. Әлден соң төменгі тістер де жұмысқа кірісті. Науадағы көмір көмерден асып тасқындай түсті. Артында биіктігі 2,5 метр, ені 4 метрдей коридор қалдырып, машина баяу алға жылжып барады.

...Бұл Қарағандының 31-шахтасындағы кен комбайны еді. Үш адам жүргізген бұл комбайн көмірді ондаған қайлашыдан әлде қайла көп өндіреді.

— Кейбір сәтті тәулікте комбайнмен 600 тонна көмір өндірдік, — дейді участок бастығы Ворона, — бұл істің басы ғана, алдағы уақытта бұдан да көп береміз.

Комбайн көмірді өзі қопарып, өзі шауып, өзі тиейді. Кеншінің ауыр еңбегін жеңілдеткен, ауыр бейнеттен азат еткен комбайн осы Қарағандыда 1944 жылы дүниеге келді. Оны ойлап тапқан адам Семен Семенович Макаров. Ол Сталиндік сыйлықтың лауреаты.

Баяғы қайла, баяғы қол шана келмеске кеткен.

Мұнда механизмнің құдіретін көресіз. Техниканың тіліне жетілген мыңдаған қазақ мамандарын көресіз.

Бұрынғы екі шахтаның орнына жүздеген жаңа шахта орнаған. Қарағанды шахтерлері еңбекті өнімді істейді.

Социалистік Еңбек Ерлері Сағен Шаманов, Түсім Күзембаев, Батір Нұрмағамбетов, Жексеит Абдрахманов, Петр Акулов, Мұстафа Айтқұлов тағы басқалардың есімдері елге қадірлі, бүкіл Одаққа таныс. Бұлар Қарағандымен бірге өскен қадірлі жандар.

### Қайраттылардың қаласы

1917 жылдан бұрын тап осы арада бір үй тұыл, үйшікте болмаған. Енді міне социалистік жаңа қала орнапты. Қала болғанда, қандай!

Сонда бұл қала неше жаста?

1920 жылы совет геологтары Қарағандының байлығын зерттеп Москваға қайтып келді. Олар ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталинге Қарағандының бай қазынасы туралы баяндады. Содан бері Қарағандының қамын ойлаушы адам — Сталин жолдастың өзі. Большевиктердің жемісті еңбегі басталды. Ұйқылы ояу, мөңіреу жапан түзге жан бітті. Капиталистік құлдықтан азат етілген еңбекшілер еңбекке білек түріп, белсене кірісті. Олардың еңбегі өздерінің өмірін бақытты ететіндігі, Отан қуатын арттыратынын олар жақсы түсінді.

Қарағандыға 1931 жылы бірінші поезд келді. 1934 жылы большевиктер жаңа қаланың іргесін қалады.

Ұлы орыс халқы туысқандық көмегін ұсынды: Қа-



Қарағанды. Жазғы театр.

рағандыға Донбастан тәжірибелі мамандар келді. Одағымыздың үшінші көмір алыбын орнатуды бүкіл ел болып қолға алды. Базір құрылыстарды механикаландыру ісінде Қарағандыға Совет Одағының 600 өнеркәсіп орны көмектеседі.

«Қарағанды» — бұл жалқы есім болғанымен — жалпы есім. Өйткені Қарағанды 7 қаладан: Ескі қала, Жаңа қала, Майкұдық, Сорая, Шерубай-Нұра, Жартақ қалаларынан құралған. Алдағы уақытта осылардың әрқайсысында көп мыңдаған халқы бар, бау-бақшалы алын қалаға айналмақшы. Бүгінгі Қарағандымен жақсырақ танысу үшін цифрларға сөз берейік.

Құлазыған қу далаға жеміс ағаштары өсетін болды. 1948 жылдың өзінде-ақ облыста 701 гектар жерде жеміс, жидек-жемістер өсірілді.

Революцияға дейін бүкіл облыста 78 мектеп ғана бар екен, кәзір 347 мектепте 92.384 бала оқиды. Бұрын орта мектеп атымен жоқ болса, кәзір оның саны 39. Оқытушылар институты, ендігі жылы ашылатын медицина институты, музыка мектебі, 52 қолөнер мектебі... Жүздеген шахталардағы театрға бергісіз клубтарды қоспағанда облыста екі театр бар. Олар жаңа өмірді бейнелейтін ойындар қояды. Қалада бірнеше парк, бір Демалыс үйі бар. Шахтерлер демалысын осы орындарда көңілді өткізеді.

Ескі қала мен Жаңа қаланың арасы 9 километр.



Атақты шахтер Түсіп Күзембаев өз үйінде.

Бұл екі арада қала арасындағы поезд әрбір бір жарым сағат сабын қатынап тұрады. Автобус, такси — «Победа» және «Москвич» машиналары ерсілі-қарсылы ағылып жатады. Жуыр арада 8,5 километрлік екі тарау трамвай жолы салынып бітті. Өткен жылы ғана 74.438 шаршы метр тұрғын үйлер салынды. Жүздеген шахтерлер 2-3 бөлмелі сәулетті пәтерге ие болды. Быйғы үлкен Мәдениет сарайы салынып бітпекші. Осының бәрі кеншілердің игілігіне арналған.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ.

## Бөбектер үшін

### ҚОСАН АЙДАР ҚАЛАЙ ОЙНАЙДЫ

Ауылдың кешке жанында,  
Бүгін ұяға батқанда  
Балауса шөптің маңында,  
Төлдер жусап жатқанда —  
Сүзісті келіп екі лақ,  
Күжірейіп мойыны.  
Тобелес емес, бұл бірақ —  
Өздерінің ойыны.  
Алдарында көк майса,  
Қаймағы қалқып жүзгендей.  
Біреуі оған бас қойса,  
Екіншісі сүзгендей...  
Таласып жесе тапқанды,  
Аңдарға ғана лайық.  
Өкпелетпей еш жанды  
Тату боп мәңгі тұрайық.



Доп әкелдім ойнасын,  
Домалатып төпсін деп.  
Оның да әдіс-айласын  
Мысығым біліп, жетсін деп.  
Доппен бірге жарысып  
Мысығым жүр алаңда.  
Тышқанменен алысып,  
Жұлқысар күн әлі алда...



«Майлыаяқтың» күшігі  
Біздің үйде, қолда бар.  
Өзіне тән үйшігі,  
Көремін десең олда бар.  
Шыр көбелек айналар,  
Өзі тістеп құйрығын.  
Әйтеуір ермек таба алар,  
Құр өткізбес бір күнін.

Н. ШАҚЕНОВ.



# Ауыл мұғалімі



М. ИМАНЖАНОВ

Поэсти, жалғасы, басы өткен сандарда

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Мұның алдындағы тарауларда Тұяқ жөнінде айтылады. Ол өзінің негізгі міндеті — оқу екенін түсінбей, білімсіз-ақ дегеніме жетемін, мастер боламын деп Ақмола қаласына кетіп қалады, қолөнері училищесіне түспек болады. Онда барып, оқушы балалармен танысып, сөйлесе жүріп өзінің өте аз білетініне көзі жетеді, ұялады. Білімсіз ешбір өнерге жетуге болмайтынын басынан кешіріп, өз мектебіне қайтып оралады.

Тамаша іс басталып жатты ауылда. Колхоз конторы жаанындағы ашық доңбестей мектепке қарай бағаналар тұрғызылып, бірте-бірте тізбегін ұзатып барады. Бір жағынан артта, қадалған бағаналар басына электр телефон сымдары іле тартылып жатыр.

Бұл бағаналарға тартылған сым желісі бір бөлегі жарық алып, екінші бөлегі ол дәрежеге әлі де болса жете алмай, өкіге жарылған колхоз қаласын мұнан былай іштей жалғастырып, тұтас денохегі күре тамырдай ауылдың апа шеті мен мына шетіне қуат апарды. Сол күре тамырдан тараған көп қан тамырындай мектепке дейінгі сонау жатаған қоныр үйлердің әрқайсысына тармақталып нұр сымы кіреді. Сол шақ қазақ ауылы ғасырлар бойы қолжасына түтіні кіріп келген бірте шаммен біржолға қонтасып, тұрмыс қалпын күңгей белге көтереді.

Сол нұрлы шырақты тез жеткізуге серт бергендей бригадир Берей:

— Қыймылдаңдар, жігіттер, — деп жолдастарын асықтыра түседі.

Ертемен қырман басына кеткен колхоз председателі де қайтып оралып, осылай қарай бет алған. Оның төры жорғамен шайқалтып, бағана отырғызушыларға қарай өтіп бара жатқанын контордың терезесінен көзі шамған Баймұрат завхоз да аяғын ұшынан басып сонда жөпелді. Председатель бағаналардың қасынан атын ілбіте жүріп, біткен істің санаасын байқап шықты да, Берей бастаған топтың қасына келіп тоқтады.

— Қалай бітесіңдер ме, бүгін? — деп сұрады ол.

— Біте алмаспыз шамасы, — деді Берей оған. — Бағаналар жетегін емес, күтетін түріміз бар.

— Неге олай, бөренелері бар болғыр жеткілікті

мөлшерде алынған емес пе еді. — деп председатель завхозға қарады.

— Мен осы жетер деп бір-азың фермаға жөпелтіп едім, шамалай алмапшың.

— Өзіңіз шамалай алмайсыз, басқамен ақылдау тереңді тағы білмейсіз. Осыныңыз-ақ жаман сіздің.

— Кешіге сен болмадың..

— Қалған ағашты қашан жеткізесіз, соны айтыңызшы.

— Адам жіберілген, келмей жатыр.

— Неге кешіккенін тез біліңіз.

Председатель енді Берейге бұрылды.

— Бағаналар көзір келтіріледі ғой, қол байлай қоймас. Қалайда бүгін мектепке жеткізің, негізгі жұмысты аяқтап кетіңдер.

Мектеп маңында бұдан да қызу іс өріс жайғанды. Соңғы күндері мұғалімдер мен оқушылар бір мезгіл жұмысқа шығып, айнала төңірекке ағаш отырғызуды қолға алған. Бұл жұмысты да көре көтпек боп председатель ат басын солай бұрды. Біреулер белуардан шұңқыр қазып, екінші біреулер колхоз өсірген көк өрім шыбықты алдын ала әзірленген жерге отырғызып жүрген қалың топтың ортасын как жарып өтіп ол Жақышқа келіп жолықты.

— Шыбықтарың жете ме?

— Жеткенде қандай, — деді Жақыш.

— Осы алдағы жексенбіде барлық колхозшыны үйлерінің алдына ағаш егуге шығарсақ деген ой бар. Оған қалай қарайсың, мұғалім?

— Өте жақсы қараймын.

— Жақсы қарасаң, адамдарыңды өзір ет-

— Біз әр қашанда өзіріміз ғой, ақсақал.

Председатель аттан түсіп, қадалған шыбықтарды

қолмен ұстап көріп шықты да, мейтеп терезесі алтына келіп әттегене-ай дегендей басын шайқады.

— Дәл мына арада ағаттық болған екен.

— Қандай ағаттық?

— Емендердің арасы тым жақын болып кеткен. Бұл биіктеген сайын бұтағын бүйірге жайып, аумағын шығара өсетін ағаш қой. Сол өсеңтөлмеген. Бірнеше жылдардан кейін мына емендерің бір-бірінің өсуіне бөгет жасайды.

— Бану мұнда келіңіз, — деп дауыстады Жақып. Бану келді.

— Биолог жолдас-ау, председатель жұмысымызdan мін тауып тұр.

Егілген шыбықтарға көз жіберген Бану сөз болып тұрған жайды бірден аңғарды.

— Мұнда терек пен қайың өсірілуге тиісті еді. Емен отырғызып жіберіңізгі той балалар.

— Баланың ісі шала деген, байқамаса болмайды, — деп председатель тамағын керней күлімсіреп, көз қара мұртын сыйпады.

— Батырбаев жолдас, сіз мұны неғып аңғармадыңыз? — деп Жақып математика мұғаліміне бұрылды.

— Осының бәрін шатастырған мына Бектай.

Аңғырттығына өкініп, екінші жағынап ұялып ден-бірі қашқан Бектай қатесін мойнына алып:

— Мен байқамашын, — деп күмілжіді.

Бірақ, Батырбаевтан басқа ересектерден оны жазғырып тұрған ішкім жоқ, олар өзді-өзімен болып, іс жайын ақылдасуда.

— Бұл қатені қайтып түзейміз, — деп Жақып председателге қарады.

— Еменнің бір-бір шыбығын суырып алып, орнына қайың отырғызу керек, — дейді председатель мұртын бұл жолы ойлана шыйратып.

Бану да председателдің сөзін күйтады. Ағаш жөнінде әңгіме осымен бітті де, әркім өз жұмысына тарап, тобын жазды.

— Сен байқа, тағы да еменнің шыбығын көміп жүрмейік, — дейді аузы күйген Сейтен Бектайға.

— Қайың мен еменді айыра алмайтын мені кешіме деп не едің.

— Білгіш болсаң, өлгіде қайда қалдың?

— Онда емен егіледі өбсе деп қаны қалдың қой.

— Сендер аштықпай көздеріңе қараңдар, — деп Батырбаев балаларды енді сақтандыруға шыққан.

Бұл араның жұмысы қайта басталды. Емен орнына қайың орнап жатты.

Асылы, бала ісі қызық қой: ол тыным таппауға келгенде алдына жан сала ма? Ойнау, бір нәрсемен шұғылдану десе жаны емес пе оның. Ертеден кешке дейін дамып кермей асыр салуға бар ғой ол... Сабақтан кейін ағаш егу ауыл баласына әбден жаққан. Беттері албыртып, қызара бөртіп, көздері жайнап, бәрінің де жүздері шырайланып, күрең тартқан. Бұл іс тынымсыз балалық мінезге дәл келсе, екінші жағынан ұл-көңдерге қолқабыс тигізіп, жауапты іс атқарып жүргендерін мақтан етеді олар. Мұндай жұмыс күнде болып отырса да, мойыр түрлері жоқ, қайта соны тіле-

гендей бәрі де игілікке кұлап жайған. Бәсеке, бірден-бірі асып түсуді шұт еткен олардан тынымсыз бір қымыл сезіледі.

Осыларды басқарып жүрген Жақып сол өз сөзімен өрген жас жеткіншектер сыяқты еңбек қызығына баулан. Жер қазса да, шыбық қадаса да жанып жеп, үртіс қымылдайды. Еңбек бейне бір жерік астап айызын қандыра гүл-гүл жайнатқан. «Өне түс, еңбегім» дегендей көңіл қоны да артып, қызыққан үстіне қызыға сілтейді. Еңбек сүйгіш адамға тән бұл қасиет мұғалімнен шәкірттерге дарын, ауылды саналы еңбектің толқыны басқан.

Жақып шәкірттерге тамашалай қараса, Бану Жақыпқа тамашалай қарайды. Бірнәрсемен шұғылданса басқаны ұмытып, соған бар жанын салатын Жақып әсіресе, бүгін қырланып, бабына келген ақиық қырандай дүр-дүр сілкініп, жайнап кеткен. Көңілділік, жайдарылық, іскерлік, орамдылық, шашпандық бір бойына жыйналған жанға тиісті бұл теңсуді де лайық көрмегендей мұғалім оны жанған оттың жалынына ұсатты. Оңайлықпен сөйбейтін, жалыны мен шоғы бірдей мол жойқы жалын Жақыптың ойбойынан өршіп қаулап, дамылсыз шығып жатқан тәрізденді оған.

Былайша қарағанда шамданғыш, күйгелек сыяқты көрінсе де, Жақып шынтуайтқа келгенде сары уайымға салынып жасу дегенді білген жан еместі. Ол қанша сүрініп, ертегілікке ұшырап жатса да, от жігерін күм етпей, қыйындыққа қарсы жүзетін. Егер дегені орнына келіп, жолы болып жатса — жайпаған үстіне жайнап, көңіл құсы көкке шүйетін, іске деген рухани тілегі есейіп екінші бір қамалды алаам деген мұрат туындайтын.



«Ананы қараңдар» деген бір баланың даусы естіліп Банудың да, Жақыптың да, оқушылардың да, назары солай ауды. Үй жағынап жүтпе басып Тұяқ келе жатты. Ол Жақыптарды көзі шалып жалт бұрылды да, жаңағы дауыстаран балаға қарай ойысты. Мұны көрген Жақып:

— Тұяқ, бері кел, — деді дауыстап.

«Жұмысқа пеге кешігіп келесің» деп «ұрсар ма емен» дегенді ойлап оқушылар қобалжып бақылады.



Тұяқ төмен қараған бойы келді де, күмілжи аман-тасты.

— Сен түнде ғана келген жоқ па едің, неге осынша өрте тұрдың? Тынығуың керек еді ғой бүгін, — деді Жақып оның ыйығына қолып салып.

Басқа оймен шақырды ғой бұл мені деп сақтана келген Тұяқ есіркеген мынадай жылы сөзді естіп, лүпілдеп соққан жүрегі орнына түсіп жадырап қоя берді. Жабыққан көңілі де ашылып, албырт балалық та сол шақ қайта келді және жасқана басқан жарым көңілділігімен тез қоштасып, батылдық өз қанатын осы сөзге-ақ жайып алды.

— Менің де жұмыс істегім келеді, ағай, — деді ол қуанышқа толған қара көзін жалт еткізіп.

Жабырқаушылық бірден сөніп, жігер ойнап бала көзіне от жанғаны Жақыпқа да жақсы сезілді.

— Егер тыныққан болсаң, істей ғой.

— Бізге кел, Тұяқ, — деді Бейтай.

Тұяқ солай қарай бет алды да, шұңқырдан басын шығарған Жарқыңды көріп тоқтай қалды.

Жақып та аяғын ілби басып солай беттеді.

— Жоқ, мен сендермен бірге істемеймін жұмысты, — деді Тұяқ үлкен қара көзін аларта Жарқыңға қарап.

— Қыйын болды, — деді Жарқын зәрлі мысқылмен.

Тұяқ алара бір қарап өтті де, үндемеді.

— Ендеше бізге қосыл, — деді Сөйтөн.

Тұяқ оның қасына келді.

— Бүрегінді бері әкел!

Анау оған күрәкті ұстата салды.

Тұяқ айналыштықтан тұрмады, барлық жұмысты бір өзі тындырардай болып күрәкті алды да, шымдауыт қара топырақ жерге сағасынан кеме батыра көсіп айналаға боратып ата бастады.

— Әй, жайырақ таста, — деді Жарқын. — бізді топырақ басып кетті.

— Топырақтан қорықсаң, әрі тұр, — деді Тұяқ та ежелгі қиястыққа салынып.

— Кетсең қаңғыбас сен кет, мен іш қайда бармаймын!

«Қаңғыбас» деген сөз Тұяққа пайзадай қадалды.

Анадай жерде көзінің қыйығын салып сырттай бақылап жүрген Жақып келіп Жарқыңға:

— Сен анда барып шыбық отырғызыс, — деді де бақылап жүрген Жақып келіп Жарқыңға:

— Өтіп кеткен ағаттықты жолдастың бетіне қасып қайта жаңғыртпас болар. Ол төрбелі адамның ісі болмайды, — дегенді ескертті.

Бұ қылығын мұғалімнің ұнатпағанын айқын аңғарған Жарқын құлағына дейін қызарып, сөкеттік етсем көшіріңіз дегендей оның бетіне жалт-жалт қарай берді.


— Сен Тұяқпен табыс, көшірім сұра, — деді Жақып.

Мұғалімінен мына сөз естілгенде бала шошып кеткендей болып тітіреніп, «көшірім сұрайтын кім еді ол менің жанымда» деген сойқан ой бұрқ етті. Жақып оның дәл осы ойының үстінен түскендей бала мінезіндегі түршілікті салмағы ауыр зілді сөзбен тежеді.

— Шәкірттен шәкірт артық та, ардақты да емес, деді ол, — мұғалім үшін олардың ала-құласы жоқ, шәкірт жолсыздық етсе, жазалайды, бірақ оның жеке басын ешкімнің қорлауына бере алмайды... Өзін жолдасынан жоғары ұстайтын, оны ажуаға салатын, өзімішіл, мақтаншақ шәкіртке мұғалім міне осыны айтады. Айтып қана қоймайды, тәртіпке шақырады.

Өзінің жақсы қасиеттерін басқаның да аңғаруын қалайтын Жарқын мұғалім таққан ауыр кінаға наразылық білдірейін десе де, аузына сөз түспей, өзінен өзі булығып, тілі күрмелгендей мүлде орамдады. Бар тапқаны оқытушысынан бір әділетсіздікті көргендей көңілі өксіп, мұңысын көзіне мөлт етіп келіп қалған жаспен білдірді.

Жақып райдан қайтпады. Ол жақсы шәкірті Жарқынан «өзімішілдікке» бастап келе жатқан жағымсыз мінез аңғарған. Сабақ үстінде болсын, пионер жыйындарында болсын, Жарқын өз басының қасиетін өзгеден ерек дара көрсетуге тырысып, «мен айтам», «мен білемін» деп бойын озық ұстап баратын. Кейде мұғалім сабақ сұрағанда басқалар білмей қалса, кезекті өзі алып, мұғалім сабағына жауы рақат таба асқан ынтамен құйылта жауап беретін. Мұғалімдер де оны көтермелеп директор, завуч немесе аудандық оқу бөлімінен өкілдер сабаққа қатысқан жауапты кездерде кластың абройын соған артатын. Мұндайда сабақ бірінші болып сонан сұралады. Осындай кездерді аңсап күтетін Жарқын сабаққа әр дайым жақсы әзірленіп, ғайыптан кездесетін қандайда тұтқұылыға үйінен дайын боп келеді.



Класса бөгде біреу болды-ақ, өзінің топқа түсетінін анық біліп алған Жарқынға «класстың жұлдызы мен» деген бір асқақ сенім пайда болған. Осының бәрі алғашқыда өте заңды басталып, заңды болып көрінсе де, келе-келе басқа бір қолайсыз шөкке шауып, баланың коллектившіл, жолдасшыл сәби сезімі жетілудің орнына, «мен» деген дарашылық сезім туып, бас көтере бастағанды. Бұл жағдай айқын аңғарған Жақын сол класстың жетекшісі Вануға және жеке мұғалімдерге айтып, оларды қатты сақтандырған, өрі өзі де Жарқынға деген қарым қатысын өзгертіп, «мен айтам» деп қолын шөтеріп тілешіп отырса да, оны елемегенсің, басқа баланы таңдап, «менмендікті» тежеуге алған. Ол өз дегенін батыл ұсынуды, баланың теріс мінезін тезге саларлық өзгеріс жасауды ниет еткен.

Бала өз кінәсын мойындай қоймағанымен сүйікті оқытушысына неліктен жақпай қалғанын ұғып тұр. Әйтсе де, Тұяқтап көшірім сұрауды өзіне мін көреді. Міне, осы сезім оны он саққа жүгіртіп, қанша көне қалайын десе бөгей береді. Қыйнала-қыйнала тұрып:

— Сіз айтсаңыз, көшірім сұрайын, — деді ол амалсыздан.

— Жок, менің көңілім үшін татуласқаныңның еш-

кімге ешқандай қажеті жоқ. Қате түсінбе сен мені. Менің сендерден күтетінім — мүлде басқа тілек. Мен сендерден адал совет азаматын тәрбиелегім келеді. Біріне бірі шын жолдастықпен қарайтын, бірі сүрінсе, екіншісі таянып болатын, міндерін батыл бетке айтысып, адал достықпен өмір сүретін, қоғамшыл, коллектившіл, шынайы сезімге баулынған адам тәрбиелегім келеді. «Өзім ғана» көзге түссем екен деп жат ниетке салынып, мұғалімге жағыну үшін көз бояп, сырты мен ішіне жік қойып екіге жарылып өмір сүрген екі жүзділіктен оңа іздемеймін. Мен ондай өмірді білмеймін. Менің шәкірттерім де ондай лас өмірді білмесе екен деймін... Татуласқың келмейді екен, татуласпа! Зорламаймын!..

Осыны айтты да, Жақын жүріп жетті. Өзін бар жағынан өнегелі ұстауға ұмтылатын Жарқын мұғалімнен естілген ренжіс сөзге қатты қышжылып, екі бетінің ұшына қан тепті. «Екіге жарылып өмір сүру — екіжүзділік» деген сөз құлағында шыңылдап, көше де-йін жетпей тұрып алды. Сол шыңыл: «ойлан» дегендей күректің шыңылымен ұштасып, бір шұңқырдан екінші шұңқырға зорая жетіп, өктем естіліп, ұласып беткен тәрізденді.

## Досымның өмірінің жалғасы

Батыр дос, ұмытқам жоқ, сен қымбатсың...  
Бір жүріп ұзақ жолда, бірге жаттым.  
Солдаттың котелінен дәмді-тұзды  
Тар жолда бөлс-жара бірге таттым.

Досыммен бірге кірдім айқастарға,  
Күрескен өмір үшін шайқастарға,  
Ну тоғай, долы өзен сол күндерде,  
Болмады бізге бөгет жартастар да.

... Жер үйде білте шамы күңгірт жанған,  
Кез еді ұрыс бітіп, тыныс алған.  
Ұсынды — мынаған сен қарашы — деп  
Суретін бір баланың досым маған.

Бергені өз ұлының суреті екен,  
Әкеге бала шіркін ыстық неткен!  
Кішкентай көздеріне қарай бердім  
Жұлдыздай күлімдеген тұнық көктем.

— Күбірлеп деді досым: — айналайын,  
Қуанам суретінді көрген сайын.  
Балада қаз-қаз басып қасына кеп,  
Дегендей мойыңыңа асылайын...

Сол минут суреті емес жас баланың,  
Немесе елесі емес басқа адамның,  
Болғандай ортамызда бөбек өзі,  
Әсерін күні бүгін еске аламын.

Күлімдеп сонда досым:  
— Өзі қандай!



Қадала қарап тұрған көзі қандай!  
Бұл кәзір екі жастан асты жаңа,  
Баланың балдан тәтті сөзі қандай!...

Алыстан бала дауысы естілгендей,  
Ер жетіп екі жылда ес білгендей,  
Құл қылмас мұны ешкім мен білемін,  
Әкесі бар баланы мына біздей —

Деп досым қыса ұстап автоматын,  
Майданда болғанына мақтанатын...  
Мерт болды қайран досым бір айқаста  
Қалғанда жеңіс күні енді жақын...

Деп еді ол:  
— Мен өлгенмен, Сталин бар,  
Ол менің жақын досым еске алар.  
Әкелік оның ыстық құшағында,  
Армансыз өсе берер жас балалар...

Осы сөз, осы сезім, осы сенім —  
Ойымда ескерткіштей қалды менің,  
Осы күш, осы қуат, осы ұран,  
Ту тіккен төбесіне қарт Берлиннің.

Осы сөз, осы сезім, осы сенім,  
Ойымда үлкен қуат кәзір менің,  
Көргенде жас баланы еске аламын,  
Ерлікпен қайтыс болған дос өлімін.

А. ЛЕКЕРОВ.



## А. С. ПОПОВ

— Алматыдан сөйлеп тұрмыз. Соңғы хабарларды береміз...

Бұл сайып алыстағы Алматының даусын көпкө жеткізіп тұратын радионы бәріміз де білеміз.

Радионың шыққанына, тұрмыста қолданыла бастағанына көп болған жоқ. Сонда да осы қысқа уақыттың ішінде тұрмысымызда, ғылымда, соғыс ісінде, барлық өнер саласында радионың қолданылмайтын жері жоқ.

Кешегі ұлы айқаста совет ұшқыштарына жауды мензең жол көрсеткен осы радио. Көзге түртсе, көрінбес қараңғы түнде көз жетпес жерден жаудың самолеттерің, соғыс кемелерін көріп, заңбірекшілерге жөн сілтеген де осы радио болды. Алысты қанша жерден болса да қаларан бейнемізді көру мүмкіншілігін тудырған да радио.

Бұл радионы ойлап тапқан қандай данышпан? Ол кім?

Радионы ол қалай ойлап шығарған?

Радионы ғылыми жолмен ашқан, тұрмыста қолданып, ұрпақтарына мирас қылып қалдырған орыс атакты оқымыстысы, өз Отанының ардақты ұлы — Александр Степанович Попов.

### Жас өнерпаз

Александр Степанович Попов 1859 жыл 16 март күні Оралдағы Турыш руднигі деген селода туады. Әкесі өз заманындағы оқыған сауатты адамның бірі болады, тұрмысы жұныны болса да, қаржы-қаражаты кем болса да, балаларын оқытуға, білім беруге тырысады.

Кішкентай Александр әр түрлі ойыншық машиналар жасауға әуес болды. Ол күн ұзаққа рудникті аралап, әр түрлі машиналарды көріп, жұмысшылардың, инженерлердің соңдарынан қалмай, сол машиналардың қалай жұмыс істейтінін сұрап білуге тырысады. Өсіп, қат таныған соң ол түрлі техника жөнінде жазылған кітаптарға үйір болады. Қатар кұрбылары тонай атын, доп ойнаса, ол шахтадан кен тартатын шығыр, түрлі су ағынымен жүретін қозғағыштар жасап ойнайды. «Александр мұндай істерге бәрімізден де, шебер, ұста еді» дейді, онын бала кезіндегі досы доктор Дерябин.



Попов қол өнеріне де үйір болады. Ол жас күнінен-ақ ағаш шауып, темір соғып үйренеді. Қол өнердің мұндай салаларын білгені оған болашақ ғылыми жұмыстарында көп пәрдем береді.

Александр оқуда да алғыр, ұғымтал болады. Әсіресе, математикаға өте зерек, ынталы болғандықтан Александрды жолдастары «математик» деп те атап кетеді.

### Петербург университеті

Он сегіз жасында семинарияны бітіріп, білім алуды аңсаған Попов, көп қыйыншылықтар көріп Петербург университетінің ректорына жалыншыты өтінішін жазып, университетке алуын талап етеді. Ол 1877 жылы барлық экзаменді көңілдегідей тапсырып, студенттер қатарына алынады.

Ол кезде жоғарғы оқу орнына түсу бір қыйын болса, Попов сыяқты қаражаты аз студентке оқу үшін ақша төлеу, оның үстіне етпендія алмау тигіті ауыр соғады. Бірақ ол қыйыншылықтан қаншайды. Шеттен жеңіл-желпі қызмет алып істейді. Сол кезде Петербургті электр шамымен жарық ету Қоғамы кұрылып Попов сол Қоғамда, өзінің электр техникасынан алған білімі болғандықтан, монтер болып істейді.

Ол бос уақытын университеттің физика лабораторияларында өткізеді. Лекцияда естігендерін мүмкіндігінше өз қолымен жасап көруге ұмтылады. Попов университет қабырғасында атакты орыс оқымыстылары Чебышев, Бутлеров және Менделеевтің лекцияларын тыңдайды. Ол университетті 1882 жылы бітіріп шығады.

### Ғылыми іздену

23 жасар Александрға ғылыми зерттеу жұмысына кірісуге жол ашылады. Оның үздік бітіргенін және зерттеуге бейімділігін еске алып, университет «профессорлыққа дайындауға алып қалады». Бірақ көп өтпей-ақ Александр Степанович Кронштадтағы соғыс учили-

щесіне жоғары математикадан сабақ беруге шақырылады.

Училищеде Попов оқытушылық пен қатар ғылыми зерттеу жұмысын бәсеңдетпейді. Ол физика лабораториясын мүмкіндігінше пайдаланады. 1883 жылы оның «динамо—электрлі машинаның ең пайдалы әсер ету шарты» деген тұңғыш еңбегі баспадан шығады.

Поповтың беделі сол кездегі ғалымдардың арасында арта бастайды. 1887 жылы ол бүтін Россия көлемінде болған күн тұтылуды зерттейтін экспедицияның мүшесі болып татайындалады. Өзі құрал жасап, ол күн тұтылғанда пайда болған көріністі суретке түсіреді. 1893 жылы Чикагода, 1900 жылы Парижде болып халықаралық электртехниктер конгресіне орыс ғылымының өкілі болып баруға Поповтан артық ешкім табылмайды.

## Радионың ашылуы

Александр Степанович радионы кездейсоқ, айда жоқ жерден тапқан жоқ. Ол өзінің радио туралы ең бірінші ғылыми табысын баяндау үшін көп еңбек сіңірді. «Александр Степановичтің бір қасиеті өз заманында және онан бұрында ашылған жаңалықтарды (әсіресе электр туралы) өз қолы мен қайта жасап, оның мазмұнын жете түсініп, тәжірибеде, тұрмыста қолдану мүмкіншілігін қарастыратын еді»,—дейді замандастарының бірі.

Радионың ашылуына ғылыми негіз болған электр және магнетизм туралы түсініктерді тереңдеткен атақты Фарадей және Максвелл сыяқты оқымыстылардың теориялары еді. Фарадей электр мен магнит арасындағы байланысты ашып, бұлардың кеңістіктегі әсеріне кеңіл бөлсе, оның пәкірті Максвелл математика жолымен есептеп, кеңістікті бос электр толқыны болатынын және жарық сәулесінің өзі электр толқыны екенін дәлелдейді.

Өзінің Кронштадтағы офицерлерге жасаған лекцияларында Попов электр магниті толқындарын байланыс құралы етін қолдануға болатынын айтады. Ол тарихта тұңғыш рет:

Адам организмінде эфирдегі электр магниті толқындарын сезетін мүше жоқ. Егерде электр магниті толқынын сезетін мүшенің орнына құрал ойлап тапсақ, онда оны алыс жерлерге хабар беру үшін де қолдануға болар еді дейді.

Осыдан бастап Александр Степанович бұл ойын іс жүзінде, тәжірибеде орындауға ұмтылып, көп ғылыми жұмыстар істейді. Көп тәжірибелерден кейін, ол 1895 жылы алыс жерден электр магниті толқындарын

қабылдайтын ең бірінші, қарапайым «жайтартқыш» деп аталған құралын жасап шығарды. Бұлай деп атауды ол кезде күшті электр магниті толқынын шығаратын құрал болғандықтан.

1895 жылы 7 май күні Петербург оқымыстылары алдында Попов өзінің табысын жариялайды. Бөпшілік зор қоспаменен қарсы алып, қол шапалақтап күтпегендейді. Попов бұл құрметке «... Өзімнің қортыңды сөзімде менің құралымның бұдан былай кемеліне келе, өте тез электр магниті толқындары арқылы алыс жерлерге хабар беруге қолданылатынына сенемін...» деп жауап береді.

1896 жылы 12 март күні Попов өзі жасаған құралдары арқылы алыстан хабар беріп, оны қабылдауға болатынын көрсетеді. Петербург университетінің физика аудиториясына қабылдағын құралын қойып, бұдан 250 метр жердегі химия институтіне хабар беретін құрал орнатып, Попов үй толған оқымыстылардың көзінше бір-бір әріптен морзе әліпбесі бойынша берілген «Генрих Герц» деген сөзі тақтаға түсіреді.

Бұдан кейін атақты оқымысты өзінің ашқан жаңалығын, сол кездегі серігі және жәрдемшісі Петр Николаевич Рыбкун (осы күнгі тригонометрия кітабының авторы) мен бірге теңіздегі соғыс кемелерімен байланыс жасау үшін қолданады. «Ермак» кемесіне радио орнатып, жағамен сымыз байланыс жасау арқылы тасқа қайырылап қалған «Адмирал Айраксин» бреленосын құтқару және теңізге мұзбен ағып кеткен 27 балықшыны өлімнен алып қалу радионың тұрмыста тиісті ең бірінші пайдасы болды. Адмирал Макаров Поповты зор бағалап радионы «біздің отандасымыздың ұлы табысы» деп атайды.

Александр Степанович Отанын бар жанымен сүйген, орыс ғылымының дамуына бар күш-жігерін салған оқымысты еді. 1896 жылы, Поповтан кейін 1,5 жылдан соң Италияның Маркони деген адамы радионы ашқан менмін деп, Поповтың еңбегін нәмісбекші болады. Бірақ кейін тексерсе келгенде, Марконидің жасаған құралы Попов «жайтартқышының» көшірмесі болып шығады. Марконидің агенттері, неміс капиталистері Поповтың атағын пайдалану үшін «қызығарлық» ұсыныстар жасап, Поповты өздеріне тартпақшы болады. Бірақ Попов оларға: «Мен орыс оқымыстысымын және өзімнің барлық білімімді, бар еңбегімді, бар жетістігімді өз отанымға беруге ғана правом бар. Мен орыс болып туғанымды мақтаныш етем. Менің отанымға қаншалық берілгенімді замандастарым түсінбесе де, болашақ ұрпақтар түсінер. Байланыстың жаңа құралы шетелде ашылмай, Россияда ашылғанына мен өте бақыттымын» деп жауап береді.

Попов өз халқының болашағына сенген еді. Бұл сенімі әсіресе революциядан кейін, Совет өкіметі тұсында ақталды.

Қ. Айманов





# БІЗДІҢ ПОЧТА

## БІР МЕКТЕПТІҢ СПОРТШЫЛАРЫ

Шытынаған аяз бетті қарыйды. Қайтқан қаздай тізілген бір топ шаңғышылар Ақмола қаласынан тез ұзады...

Шамамен қарсы келе жатқан қарт, шаңғышылардың кілең қызбалалар болғандығына қайран қалды.

— Өнегелі өмірдің өрімдері, өркенің өссін! — деді ол ішінен.

Бұлар Ақмола қаласы Жамбыл атындағы орта мектептің оқушылары еді. Олардың беті — 12 километр жерде тұратын «Бошан» колхозы. Колхоз клубында жыйналып отырған колхозшылар жорықшыларды қуана қарсы алды.

Сталин жолдастың өмірі мен қызметі жөнінде оқытушы Наниха Әлімова баяндама жасады.

Бұдан кейін оқушылар «Жайнақтың сыры» атты ойын қойды, жаңа әндерден құрастырылған үлкен концерт берді. Колхозшылар оқушылардың қамқорлығына алғыс айтты.

Бұл мектептің оқушылары мұндай шаңғышылар жорығын жиі өткізіп тұрады. Мектепте



Шаңғышы С. Сәтбаева.

шаңғы жөнінде жақсы салт бар: «Жамбылдықтар шаңғы тебуді жете үйренуге тиіс!»

Жуырда мектеп оқушыларының жарысы өткізілді. Жарыста оқушылар Сақан Сәтбаева, Роза Хасепова, Бибіғайша Қасымова озып келді. Норма бойынша 2000 метрлік қашықтық 16 ми-

нутте атлауға тиісті еді. Бибіғайша 13 минутта, Роза 14 минутта, Сақан 14,2 минутта келін жетті. Сол сияқты, олар 3000 метрлік жарыста да жақсы нәтижеге не болды. «Табыстың кілті — әуелі шаңғы тебу техникасын үйреніп, жиі жаттығу жасау» — дейді Сақан. Сонықтан да қызбалалар сембі, жексембі күндері қала сыртындағы жазық далаға шығып, шаңғы теуіп жиі жаттығады.

Өткен оқу жылында 49 оқушы БГТО значогіне, 18 оқушы ГТО значогіне норма тапсырды. Ал быйыл 55 адам норма тапсыруға әзірленуде.

Өткен жазда спортшылардың облыстық спартакиадасында жеңіл атлетикадан Жамбыл атындағы мектеп екінші орынға не болды.

Біз быйылғы жарыстарда бірінші орынды алуға әзірленудеміз.

С. Н. КУЮКОВ

Ақмола қаласы, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебі.

## ҮЗДІК ОҚЫЙМЫЗ

Мен Талас ауданындағы Ақкөл жетіжылдық мектебінің 4-класында оқыймын. Быйылғы оқу жылы басталғалы сабақтан қалған емесмін. Мұғалімнің айтқанын ықылас қойып тыңдаймын. Сабаққа жақсы дайындаламын. Кітапты ұқыпты оқыймын. Оқу жылының алғашқы жартыжылдығын жақсы оқып аяқтадым. Менің жолдастарым Әсілхан Но-

ғайбекова, Құрманбай Сырымбетов та жақсы оқып келеді.

Біз сабақты жақсы оқумен қатар мектептегі ән-күй үйірмесіне қатысамыз. Жақында радио арқылы концерт бердік.

Кәзір оқу жылының екінші жартысына кірістік. Бізге мұғалімдеріміз бұрынғыдан да жақсы оқытатын болындар дейді. Мен бұдан былай үздік оқуға зверо

жыйынында уәде бергем. Сол уәдемді аброймен орындау үшін сабаққа дайындалуды бұрынғыдан да күшейттім. Жақсы оқу жалғыз менің емес, бірге оқытатын барлық жолдастарымның алға қойған мақсаты. Бұл мақатқа біз жетеміз.

Б. БАҚЫБАЕВА

Ақкөл мектебі, Талас ауданы, Жамбыл облысы.

## „ИНЖЕНЕР БОЛАМЫН“

Нақош быйыл 10-класта оқыды. Ол тоғыз жыл бойы үздіксіз бестік бағаға оқып келеді. Быйылғы оқу жылының алғашқы жартысын да өте жақсы нәтижемен аяқтады. Сабаққа қалай дайындалатыны жөнінде таяуда өткен бір жыйналыста оның әңгімесін тыңдадық.

— Мен, — дейді Нақош — әрбір минут уақытымды қымбат санаймын. Оны дұрыс пайдалануға көңіл бөлемін. Ең алдымен үйге берілген жазба тапсырмаларды, олардың ішінде математика тапсырмасын орындаймын. Содан кейін оқуға кірісемін. Бұларды сағат беске дейін бітіремін.

Қалған уақыттарымда жолдастарыма көмектесемін... Әдебиет кітаптарын, газет, журналдар оқыймын. Таңертең ерте тұрып кешегі оқыған барлық сабағымды бір шолып өтемін. Сонда менің түсінбеген сабағым болмайды.

Нақош өздігінен көп дайындалады. Сабаққа байланысты кітаптармен қатар, көркем әдебиетті де көп оқиды. Соңғы уақыттарда Л. Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік» романын, М. Горькийдің «Анасын», Янның «Шығыс ханын», С. Мұқановтың «Сырдариясын», Ғ. Слановтың «Кең өрісін» оқып шықты.

Ол орта мектепті осы жылы бітіреді.

— Мен, — дейді ол, — онжылдықты үздік бітіріп, тау-кен институтына түсем. Кен инженері болам. Кеңбайтақ даламыздың әлі де құпия жатқан ең байлығын зерттеп ашуды, оны еліміздің мүддесіне асыруды арман етемін.

**С. ҚАНАШЕВ**

Абай атындағы орта мектептің 10-класс оқушысы. Павлодар қаласы.



Ақмола 1-мектеп. Ленин орденді қарт мұғалима В. С. Осокина оқушылармен әңгімелесіп отыр. Суретті түсірген И. Нарышков



Жердің беті ақ көрпе —  
Майда, ұлпа ақша қар.  
Қуанамыз біз бүгін  
Болды десіп қан сонар.

Ерте тұрып, ауылдан  
Шықтық бір күн із кесіп.  
Беттен сүйіп қысқы таң  
Атты, жолға ашты есік.

Бітер емес із әлі,  
Жатыр алда шубалып  
Біз келеміз ілгері  
Із тапқанға қуанып.

Кейде сол із үзіліп,  
Ұйпа-тұйпа көбік қар,  
Аунаған той қызығын, —  
Деп жасаймыз біз болжал.

«Қоян болар...» десеміз  
Бойын жазып ойнаған.  
Тары да ізді кеземіз,  
Кең даланы бойлаған.

Еститінбіз аңшыдан  
Қояндардың жайларын.

## СОНАРДА

Қутылуға адамнан  
Бәрін білген айланың:  
«Жүріп-жүріп келеді,  
Секіреді бір мезет.  
Аунап қарға көреді,  
Шалкасынан дөңгелеп.

Ізі кірсе шілікке,  
Не орманның ішіне,  
Жете қарап білу де  
Онай аңшы кісіге».

Деген сөзін аңшының  
Сақтаған ем есіме.  
Кезіккен сол бір ізін  
Көп қарадым тесіле.

Аунағаны және ізі  
Қоянға ұсар бір ражал.  
Бірақ, басқа белгісі,  
Болмай қойды бізге тап.

Шілікті де шарладық,  
Орманды да аралап  
Бірақ, оны таппадық,  
— Аң ғой, — дедік, — өте сак.

Күдік билеп келемің,  
Сырымды айтып Әлімге.



Дейді: — Саспа күн ерте,  
Із кесейік әлі де.

Өттік талай жерлерден  
Қарды кешіп ұзақ күн,  
Бір мезгілде естіп мен,  
Жалт бұрылдым, ашы үн:

Өз үйімнің қасына  
Келген екем жақындап,  
Өзі олжалы қайтқандай,  
Күлді Әлім сақылдап.

Аяғыма оралып,  
Жатыр екен Мойнарым,  
Мойнағымның ізі деп,  
Сонда ғана ойладым.

Өлешегенде табаны,  
Ізбен бірдей қардағы  
Өкінбеймін бұл сабақ  
Аңшылыққа алдағы.

— Бұл неліктен десендер!  
Аз білемін аң жайын.  
Бұл да сабақ алда мен,  
Көп білуді аңсаймын.

**Қ. БОРАНБАЕВ**



## МҰНАЙ НЕДЕН, КАЛАЙ ПАЙДА БОЛҒАН?

Сен оқыйтын журналың— «Пионер» Алматыдағы № 3 баспақанада басылады. Ол баспақаның машиналарының барлығы мұнай майларымен майланады. Журналдың қарыштарын, суреттерін басу үшін қолданатын қара бояу да мұнайдан жасалған.

Журнал басылып болғаннан кейін, оны машинаға салып, станцияға апарып, вогонға тиейді, вагондар паровозға тіркеліп, Қазақстанның әр жеріндегі пионерлерге адрестері бойынша жібікізіп беруге кетті. Міне, осы машина, вагон, паровоздар—барлығы да мұнайдан шыққан заттардың жәрдемімен қозғалады.

Мұнай—адам баласының көптен бергі жолдасы. Мұнай мың жыл бұрын мұнай шырақ ретінде жарық беру үшін және дәрі есебінде қолданылатын. Осы күні шырақ орнына лампа, мұнай орнына мұнайдан алынатын керосин қолданылады, дәрі есебінде мұнайдан шығатын түрлі майлар, вазелин, бензин т. б. пайдаланылады. Мұнайдың бұл ескінен қалған қолданылулары.




Мәдениет өскен сайын мұнайдың адамға келтіретін пайдасы да артты.

Бірінші империалистік соғыстың алдында ағылшының адмиралы Ритер деген, ағылшының

күзлі флотына отын есебінде көмірдің орнына мұнайды ұсынған. Кәзіргі кезде күзлі соғыс кемелері, кейбір сауда кемелері отын ретінде мұнайды пайдаланады. Мұнай жанғанда күзлі жанғыш заттардың барлығынан артық жылу береді. Мысалы, қайың отынның бір килограммы жанғанда 3800 үлкен калория жылу береді, мұнайдың бір килограммы 11000 үлкен калория жылу береді. Соңдықтан, мұнай отын есебінде көп жерлерден көп орын алды.

Бірақ, мұнайды отын ету—қылмыс. Біздің елдің атақты ғалымы Д. П. Менделеев мұнайды көп және терең зерттеген адам. Ол мұнайдан адамға өте пайдалы күзлеген заттарды алуға бола-



тындығын ескеріп, оны отқа жаққанға қатты паразы болып:

— Олай болса, ақшаны да отын етіп жағуға болады ғой, — деген еді.

Мұнайды, көмірді тағы басқа отынды қолданатын машиналар бұмен қозғалады, сол жағылған отыннан алынған қуатының 5—15 проценті ғана пайдаға асады.

Адам баласын, әрине, бұл қанағаттандыра алмайды. Соңдықтан іштен жанатын қозғағыштар ойлап тапқан. Кәзіргі автомашиналар, тракторлар, танктер, самолеттер осы іштен жанатын қозғағыштар арқылы жүреді. Оған отын ретінде мұнайдан алынатын бензин мен керосин қолданылады.

Біздің елде мұнай 1865 жылдан бері өндіріледі. Кәзір Совет Одағы мұнай запасынан жер жүзінде бірінші орын алады, барлық мұнайдың 70 проценті біздің елде.

Сталин жолдастың нұсқауы бойынша біздің елде жылына 60 миллион тонна мұнай өндірілуге тиіс.

Адамға осындай зор пайдасы бар мұнай қайда, қалай пайда болды?

Бұл жөнінде әртүрлі жорамал бар. Соның ең негізгісі мынадай: Геологтардың айтуына қарағанда, мұнай органикалық заттардан пайда болған.

Суда өсетін жабайы өсімдік-балдырған және сол судағы өте ұсақ жәндіктер (мысалы, моллюскыларды, медузаны) планктон деп аталады. Осы планктондар өзен суымен ағып жыл сайын бір неше миллион ылаймен араласып теңіздерге, мұқыйттарға барады. Мысалы, Аму-дарья жыл сайын Арал теңізіне 600 миллион тонна ылай өкеш құяды.

Теңіздер мен мұқыйттардың түбіне, ылай күм топырақпен бірге, жаңағы планктон енді әлі түрде шөгеді. Бір неше ғасырлар бойы бірінің үстіне бірі шөгін тұнған топырақ планктонды қысып (басып) оны көмір сутегіне айналдырады. Мұнай дейтіміз осындай түрлі көмір сутектерінің қоспасы.

Соңғы кездегі ғылыми мағлұматтар осы пікірді расқа шығарған сыяқты. Бірақта мұнайдың қайда, қалай пайда болғандығы әзірге анық, ақтық шешілді деуге болмайды.

**Б. БІРІМЖАНОВ,**

химия ғылымының кандидаты



# ҚЫТАЙДЫҢ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ



Соңғы кезге дейін Қытай балаларының оқытын кітаптары жоқ болып келді. Біздің елде балаларға деп түрлі түсті суреттермен әшекейленіп шығатын ертегілерді олар оқый алмады. Қытай балалары мектепте үлкендерге арналған кітаптың түсініксіз сөздерін жаттаумен уақыттарын өткізетін. Үйге қайтқанда ғана әжесі мен атасының аузынан қызық ертегілерді еститін. Кейде шешесі көңілі түссе, ұлына бес тиін бақыр ақша беріп, көшедегі соқыр жыраудың халық батырлары жайындағы ескі аңыздарын тыңдап келуге жіберетін.

Қытай халқының ұлы жазу-

шысы Лу Сянь өзінің балалық шағын суреттеп жазғанда, күтуші әжесі Ачаның қарақшылар туралы ертегілер айтып бергеніне ерекше тоқталады. Бір күні әжесінің кішкентай кітап сатып әкеп бергенін, оның ішінде адам үшінді түрлі аңдардың, тоғыз басты аждаһаның суреттері салынғандығын айтады. Лу Сянь кейіннен жазушы болғанда, өзінің соңғы өткен бала шағын еске түсіре отырып, қытай балаларына қызық суретті, шынды өмірді бейнелейтін кітаптар керек деп саң рет жазған да болатын. Бірақта Қытайдың халық республикасы құрылғанға

дейін қытай балаларының басым көпшілігі сауатсыз күйде қалып келді. Тек енді ғана олардың өздерінің мектебі де, ойыншықтары да, кітаптары да болатын болды.

Қытай халқында қызық ертегілер көп. Қытай балалары халқының асыл қазынасын — ертегілері мен аңыздарын енді көшедегі соқыр аузынан тыңдамайды, кітаптардан оқыйды.

Оқушыларымызды ұлы қытай халқының ауыз әдебиетімен таныстыру үшін бірнеше ертегілерін басып отырмыз.

## КҮН НЕЛІКТЕН ШЫҒЫП, НЕЛІКТЕН БАТАТЫН БОЛДЫ

Баяғы заманда Қытайда бір атышулы И деген ақшы болыпты, жұрт оны сұрмерген деп атапты. Ол қоян, түлкі, құс аулайды екен. Сондай-ақ аю, қабан, барыс сыяқты ауулы аңдарды аулауға да шығады екен. Сұрмергеннің атқан оғы құр кетпейтін болады. Аспан астында, жер үстінде оған пар белетін мерген болмапты. Тек онымен Фин Мын деген шәкірті ғана атыста тең түседі екен. Екеуі далаға оңаша шығып алып атысқанда, бірінің атқан оғы біріне жетпей-екі оқ орта жолда біріне бірі тиіп мұқалады екен. Бірақ, Фин Мын И сыяқты ұшып келе жатқан жау садағының оғын аузымен қағып ала алмайды екен.

Бір кезде аспан астындағы әлемнің басына зор хауіп-қатер төнеді. Көкте бірден он күн пайда болады. Он шамшырақ күндіз -күні бірдей танжылмастан лаулап жанып тұрып алады. Жер үстіндегі күллі өсімдік өртеніп, жан-жануар ыстықтап тұншығып өлуге айналады.

И мерген бұл пәледен құтылудың жолын іздейді. Ол өзінің қара ағаштан пілген ең мықты садағын алып, адырнасына бірден он оқ қойып, бірінен кейін бірі онын да атады, тез атқандығы сошпалық бір-ақ оқ атқандай болады. Әуелі ыңжың у-шу дауыс қаптайды. Садақ оқтары қазша тізіліп, қалықтай ұшып, әр қайсысы бір-бір күнді сөндіреді. Сөйтіп сұрмерген тоғыз шамшырақты атып түсіреді.

Ал, оныменше күн қорыққанынан бамбук бұтағының артына барып тығылады, жер үстін кенеттен қаранғылық басып, салқын тарта бастайды. И мерген аспанда ең болмаса бір күнді қалдырмады-ау, жерді енді кім жылтады, деп үрейленеді. Жаңа пәледен құтылудың жолын ойлап қайғы жұтады.

Сол кезде әлгі жасырынып қалған күн, мерген үйіне кіріп кеткен шығар деп, жер үстінен ақырына сығалап қарайды. Табаңда мергенді көріп қап, күн жазған қайтадан батып кетеді. И мерген бір күннің аман қалғанын біліп, қуанышы қойнына сыймай, садағын, оқтарын жыйнап ан үйіне кетеді.

Содан бері күн сұрмергеннен қорқатын болыпты. Шығыс жақтан көрініп, бір аз нұр сәулесін төгіп тұрып, батып кететіні сондықтан дейді. Бір тәуліктің күн мен түнге бөлінуі де содан басталыпты.





## ШІЛДІ ҚАЛАЙ ӨЛШЕУ КЕРЕК

Бұдан көп жыл бұрын Қытайда Тяо цзян деген құдіретті қолбасы тұрыпты. Мына сан қол оның қас-қабаттының қыймылына бағыныпты.

Бір күні біреу Тяо цзянға дәу піл әкен тартады. Бұл жануар ол кезде өте сирек кездесетін жануар болса керек. Оны көрген адам қайран қалады. Тяо цзянның өзі де пілдің дәулігіне таңданады. Ол «менің осы пілдің салмағы қанша тартады екен» деген ойға кетеді. Тяо цзян өзінің ақылқой қарияларын, уәзірлерін жыйнап алып:

— Мен, аңғарсаңдар, бір істің түйінін шеше алмай қыйналып отырмын,— дейді.— Пілді қалай өлшеу керек, осы жөнінде сендерден ақыл сұрамақпын.

Қариялар үдірейсіп бір-біріне қарайды. Ақыры бәрі пілді қалай өлшеудің жолын іздеуге кіріседі. Күн бойы ойлап-ойлап таба алмай, әбден шаршағаннан кейін Тяо цзяннан ертеңге дейін дәт сұрайды, қариялар, уәзірлер үйді-үйіне қайтып, түні бойы ойлаумен болады. Таңертең бәрі сарайға келеді.

— Қалай, таптыңдар ма?— деп сұрайды Тяо цзян.

— Таптық! — деп бәрі шу ете түседі.

Сонан кейін маңғазсыған жуан қарын біреуі алға шығып, үлкен бір кітаптың бетін ашып судырлатып оқып бастайды. Тяо цзян көзін жұмып тыңдап тұрады.

— Бүкіл Қытайда пілді өлшейтін үлкен таразы жоқ екен,— дейді уәзір салмақтап оқып. Тяо цзян басын иісіп мұның дұрыс дегендей ишарат білдіреді.— Сондықтан барлық игі жақсылар кеңесіп мынадай тоқтамға келді: пілді өлшеу үшін, оны шауып күз бөлшек етіп бөлу керек, сонан соң әр бөлшекті жеке-жеке өлшеп алып, әр бөлшектің салмағын біріне-біріне қосу керек.

Осы кезде Тяо цзян көзін ашып алды, тұла бойын ашу керінен, жер теуіп айғай салады:

— Игі жақсылар бұдан асқан ақмақтық ойлап таба алмады ма? Бүкіл Қытайда пілді қалай өлшеудің жолын білетін адам жоқ болғаны ма?

— Пілді қалай өлшеу керек екенін мен білемін. — деген нәзік дауыс естілді. Бұл бақшашының баласы Дин Ли болатын. Ол мұнда жемістер алып келген еді. Бұл сөз тұрған жұрттың бәрін таң қалдырады.

— Сен пілді қалай өлшемесің? — дейді Тяо цзян.

— Өлшеудің ешбір қыйыншығы жоқ,— дейді бала.— Сіздер пілді үлкен қайыққа салыңыздар да, қайықтың суға қанша батқанын біліңіздер. Соңан соң пілді қайықтан жағаға түсіріп, қайыққа тас салыңыздар. Қайық, үстінде піл тұрғанда, суға батқан мөлшеріне жеткенде, тас салуды тоқтатыңыздар. Сонан кейін әр бір тасты жеке-жеке өлшеп, бірінің салмағын біріне қосыңыздар. Сонда сіздер пілдің салмағын білесіздер.

— Тапқаларлық тамаша жауап!— дейді сонда Тяо цзян.

Жуан қарын, маңғаз уәзірлер ұялып шығып кетеді.

Бақшашының баласы Дин Ли сарай уәзірлерін осылай масқаралапты.

## ҚАЙСАР ЮН СУ

Бір заманда Фучжаулық маңында Юн Су деген кішкентай бала тұрыпты. Әкесі өлін, шешесі ғана қалады. Үйінде ешнәресе жоқ, тақыр келдей болады. Кей күндері үйінде біруыс күріш те жоқ боп қалады.

Юн Су оқу оқыттын жасқа толады. Бірақ оның не қағазы, не қалам, сыясы болмайды. Алайда, ол «оқымай» деп белін бекем буғынады. Жөкшылықты қалай алдап жеңудің жолын іздестіреді. Бір күні көрші байға келіп:

— Сіз үй жұмысын істейтін жалшы іздеп жүр деп естіп жездім. Мені жалшылыққа алыңыз,— дейді бала.— Менің жасым жас екені рас, бірақ мен көп ақы сұрамаймын да. Балаларыңыздың кітапты қалай оқын отырғанына аңда-саңда көз қырын салып қоюға ұлықсат етсеңіз болғаны.

Бай қуанып кетеді. Қуанбағанда ше: жалақысыз жалшы табылды. Ризалығын білдіреді.

Юн Су бай үйінде таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейтін болады. Және кілең ауыр жұмыстарды Юн Суның сыбағасына қалдырады. Бірақ, оның есесіне Юн Су



анда-санла бай балалары оқып отырған кітаптарға үңіліп қояды. Тіпті кейде бұнда бір сабақты тыңдап алады. Мұғалім келгенде Юн Су бұрышта тығылшы отырып, сабақ тыңдайды. Ол осылай оқып береді. Бір жылдан кейін өзі де сөздерді ажыратып оқып алатын болады. Ендігі шатақ: жазу жазып үйренетін қағазды қайдан алмақ? «Қайтсем екен?»—деп Юн Су тағы да ойға шомады. Ойлап-ойлап ташканы мынау еді.

Юн Су шешесімен бірге теңіздің құлама жағасындағы үйшік үйде тұратын. Теңіз толқыны күп бойы жағадан ұсақ құмды шайып тегістей береді. Юн Су қолына ұзын таяқ ұстап, теңіз жағасына келеді. Жалма-жан құмның бетіне бір сөздің суретін салады, толқын оны да шайып кетеді. Юн Су ешбір қаламсыз-ақ, қағазсыз-ақ қалаған сөзін жаза береді.

Енді оған кітап керек болды. Бір күні Юн Су қожайынына:

— Мен бүгінге дейін ақысыз жұмыс істеп келдім. Енді ақы сұрағым келеді. Алайда, қолда бар кітаптарыңызды оқуға ұлықсат етсеңіз, мен әлі де бір жыл жұмыс істеуге ризамын.

Қожайын мұндай пайдалы адамнан айрылғысы келмейді, ризалығын білдіреді. Қыс келді. Күн қысқарды. Юн Судың қас қарайғына жұмыстан қолы босмайтын болады. Үйінде жарық етер май шамы да жоқ еді. Бірақ, ол алған бетінен қайтпады, кітапты ай жарығында отырып оқиды, жазуды ай жарығында отырып жазады. Ай қараңғы күндері шөмшек жағып, соның жарығында отырып оқиды.

Арада көп жыл өтеді. Юн Су дерегіне жетеді, ол ұлы ғалым болады.

Жұрт күні бүгінге дейін кішкентай сөрлі Юн Судың қайсарлығын, табандылығын аңыз етеді.



## Мао Цзе-дунның жауабы

(Баллада)

Пекинде, ноябрьдің бір кешінде,  
Өзінің тұрып жұмыс бөлмесінде,  
Көп елдің тілшілерін қабылдады ол,  
Келсе де кедергілік өзге ісіне.

Сөйледі ол абыржымай, аспай-саспай,  
Дүниеге елі атынан салмақ тастай,  
Устазы Сталинге қалыпты ұқсап,  
Өзі де, сөзі де оның айнымастай.

Әр тілші әрбір жайды сұрап жатты,  
Бұлар гой қу мүйіздер болған әккі,  
«Сіз, біз» десіп отырып кейбіреуі,  
Тұтас ойдан бір санлау іздеп бақты.

Білмеймін, француз ба, ағылшын ба,  
Бір тілші өзгелерден оғаш шыға:  
— ССР Одағынан көмек алып  
Тұратын көрінесіз, осы шын ба?

— Рас. — деді, көсемі қытай халқы.  
Бітпегенін аңғарды ол сөздің арты.  
— Әскер ме? Әлде атом бомбасы ма?  
Бұл туралы жасасқан бар ма шарты?

Деп, тілші дәптеріне қалды үніліп,  
Алмақ боп бір құпия сырды біліп.  
Тілші біткен тына гап жауап күтті,  
Мао Цзе-дун не дер деп құлақ түріп.

Тілшінің сыр тартпағын ішке кіріп,  
Сезіп Мао жымыйып қойды күліп.

\*) Бельгия, Нидерланд (Голландия), Люксембург елдерінің жыйынтық аты.

Бәгелмей сөйлеп кетті ол, бөлмедегі  
Сталин суретіне қарап тұрып.

— Ансаған бостандықты Қытай халқы,  
Өзгеге қол артпайды, ерлік салты.  
Сондықтан да еш елмен еш қашан да  
Жасалған жоқ құпия көмек шарты.

Бірақ, көмек аламыз көршімізден,  
Ол ұлы күш, онымен түсерлік тең  
Еш көмек жоқ! Тіпті атом бомбасының  
Ол күштен миллион есе қуаты кем...

Сөзді үзіп Мао көпке назар салды,  
Жұрт жүзінен бір тұйық сырды аңғарды.  
Төзімдерін тоздырып шешім таппай  
«Бұл не күш?» — деп, талайы ойға қалды.

Франция, Турция, Бенилюкс\*)  
Тілшілері үрейсіз, кетіпті түс.  
Америка тілшісін көзбен атып,  
Дейді өзара күбірлеп: «Бұл қандай күш?»

«Нью-Йорк Таймстан» келген бір сұм,  
Дүниеге таратпақ боп өсекті тың,  
«Жаңа құрал»... деп, бастап жазып жатты,  
Әр сөйлемін мәнерлеп құбылтып мың.

Сұм мен  
Суайт тілші ақыйқатқа жұмып көзді,  
Өсек жазып жатқанын Мао сезді.  
Оздырмай уақытын, сұрақ күтпей,  
Тағы да өзі бастап кетті сөзді.

— ...Құтқарған талай жанды қайғы-шерден,  
Ұлы айқаста бізге де қуат берген  
Мына кітап! Бұл томы Сталиннің!  
Көмек осы, құпия шартсыз келген.

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

**КЫЗЫК ҚАТЕ**

Оқытушы оқушыға бір сан айтты. Оқушы сол санды 6 ға көбейтіп, көбейтіндіден 35 ті алып тастауға тиісті еді. Бірақ жаңғалақ оқушы берілген санды 6 ға бөлді де, бөліндіге 35 ті қосты. Қате амалдар жа-сағанына қарамастан оқушының жауабы дұрыс болып шықты. Оқытушының бергені қай сан?

Жіберген Ал. ХАСКИН.  
Москва.

**ШАРАДА**

Бас буыны — білдірер бірдейлікті.  
Келер буын—жолдағы қалған бел-  
гің.  
Екеуін қос—көк толқын тұнғыйық-  
ты.  
Уғасың—талай оқып, талай көрдің.

Ахмадий ЕСІМБАЕВ,  
Павлодар қаласы, Абай атында-  
ғы қазақ орта мектебінің  
оқушысы.

**ЖАУАПТАР**

1. «Пионер» журналының 1949 жылғы 11-санында басылған жұмбақтың шешуі: Поезд.

2. «Пионер» журналының 1949 жылғы 6-санында басылған чайвордтың шешуі: 1. Сибирьге хат. 2. Татьяна. 3. Анчар. 4. Родионова. 5. Арзрум. 6. Маша. 7. Арион. 8. Наташа. 9. Альбом. 10. Мазепа. 11. Ағайынды қаракшылар. 12. Рылеевке. 13. Ескерткіш. 14. Шуйский.

3. «Пионер» журналының 1949 жылғы 6-санында басылған кроссвордтың шешуі:

**Көлденең оқығанда**

1. Дубровский. 6. Қанжар. 7. Бекетші. 9. Салтан. 11. Ленский. 14. Огаревка. 15. Маша. 16. Нева. 18. Булт. 19. Анджело. 22. Леда. 24. Наталья.

**Тік оқығанда**

1. Борис Годунов. 4. Сибирьге хат. 5. Анчар. 8. Түн. 10. Лермонтов. 12. Сараң сері. 13. Қазақ. 17. Муза. 20. Дауыл. 21. Ақын.

4. «Пионер» журналының 1949

жылғы 7-санында басылған кроссвордтың шешуі:

**Тік оқығанда**

1. Телефон. 2. Венгрия. 3. Талай. 4. Қораз. 5. Байғанин. 6. Жолбарыс. 8. Талас. 9. Тарас. 12. Қоныр. 13. Пима. 14. Асан. 15. Ерін. 21. Некрасов. 22. Мата. 23. Айран. 25. Кеуде. 27. Тургенев. 33. Терек. 34. Қоныс. 36. Уругвай. 37. Миллион.

**Көлденең оқығанда**

7. Конституция. 10. Аймақ. 11. Қайла. 15. Қожанасыр. 17. Нәрсе. 18. Арқар. 19. Нюренбург. 20. Замандас. 21. Нұрмұқан. 24. Оккупант. 28. Қарта. 31. Томар. 32. Қарағанды. 33. Әскер. 38. Тонна. 39. Хрестоматия.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: С. Жұмағазиев, Б. Ермұқанов (Гурьев облысы), Ж. Үсенов, Г. Нұрмағамбетова (Қарағанды облысы), Н. Марабаев (Гурьев қаласы), Қ. Ақбаров, М. Малаев (Талдықорған облысы), Қ. Бекки (Ақмола облысы).

**МЕКТЕБІМ**

Өзіңде өрістейді ақыл-ойым.  
Өсірген өз мектебім — ыстық қойын,  
Сүйемін мектебімді шын жүректен,  
Сүйемін мектебімнің абройын.

Өсірген өз мектебім — ардақты анам,  
Баулыған бауырыңда көп мендей балаң.  
Алдыңда борыштымын мен удайы,  
Өзіңе тартар сыйым бестік бағам.

Тілеужан ҚАРАБАЕВ,  
Қарағанды, Жамбыл атындағы қазақ  
орта мектебі.

**МАЗМУНЫ**

М. Нұрғалиев — Бейбітшілік армиясы . . . . . 1

М. Нұртазин — Отаның өз үйіңнің іргесінен басталады. . . . . 3

Саяхат шежіресі. . . . . 5

Н. Ғабдуллин — Ана баламы (эпиграма). . . . . 7

М. Әлімбаев — Үшінші алып (очерк). . . . . 9

Н. Шакенов — Аңтар қалай айнайды (өлең). . . . . 11

М. Иманжанов — Ауыл мұғалімі (повесть, жалғасы). . . . . 12

А. Лекеров — Досымның өмірінің жалғасы (өлең). . . . . 15

Н. Айманов — А. С. Попов . . . . . 16

Біздің почта. . . . . 18

Қ. Борамбаев — Соңарда (өлең). . . . . 19

Білгім келеді. ✓ . . . . . 20

Қытайдың халық ертегілері. . . . . 21

Қ. Жармағамбетов — Мао Цзедунның жауабы (баллада). . . . . 23

Демалыс сағаттарында ✓ . . . . . 24

Т. Қарабаев — Мектебім (өлең). . . . . 24

Редколлегия мүшелері:  
Т. Абдрахманов (жауапты редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех редактор Н. В. Бородихин.

Редакцияның адресі:  
г. Алма-Ата, проспект Сталина 73.  
Редакция журнала «ПИОНЕР».

Подписано к печати 18/II—1950 г.  
УГ02254. Объем 3 п. л. Тираж 10000

Гостипография № 3 Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР  
г. Алма-Ата. Заказ № 1120

№ 557539


## Данқты қолбасшы

Осы жылы 2-февральда, Қызыл Армияның аса ірі қолбасшысы, большевиктік партия мен совет үкметінің көрнекті қайраткері Михаил Васильевич Фрунзенің туғанына 65 жыл толды.

М. В. Фрунзе 1885 жылы Пішпек (кәзіргі Фрунзе) қаласында әскери фельдшердің семьясында туды. Оның балалық шағы әуелі осы Пішпекте кейін Верный (кәзіргі Алматы) қаласында өтті. Фрунзе Верныйдың ербалалар гимназиясында оқыды. Кішкентай Миша жасынан пысық, зейінді еді. Ол көп оқыйды екен. Оны, әсіресе, Пушкин, Белинский, Чехов сыяқты орыстың классик жазушыларының шығармалары қызықтырған. Миша кластан класқа үздік балалармен көшіп отырған. 1904 жылы гимназияны алтын медальмен бітіріп шықты.

Сол жылы Фрунзе Петербургке барып, Политехника институтына оқуға түседі. Институт қабырғасында онтоғыз жасар студент-большевиктік партияға мүше боп кіреді.

М. В. Фрунзе өзінің бар өмірін революциялық күрес жолы-



на, Ленин—Сталин ісінің салтанат құруы жолына арнады. Ол қыйыншылықтарға мойымайтын жалынды күрескерлердің бірі еді. Оның он жылға жуық өмірі түрмеде, каторгада, айдауда өтті. Иваново-Вознесенскіде астыртын

жүргізген революциялық жұмыстары үшін Фрунзе екі рет өлім жазасында да кесілді. Бірақ, мұның бірде-бірі батыр большевикті мұқата алмады.

Қызыл Армияның азамат соғысы жылдарындағы тарихи жеңістеріне М. В. Фрунзенің қосқан үлесі мол. Соғыс майданының небір жауапты участоктерінде Фрунзе партия мен үкметтің тапсырмаларын бұлжытпай орындап отырды.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін М. В. Фрунзе ССРОның революциялық соғыс советінің председателі, соғыс және теңіз істері халық комиссары, Соғыс Академиясының басты қызметтерін атқарып, еліміздің отан қорғау қуатын нығайтуда көп еңбек сіңірді.

М. В. Фрунзе 1925 жылы қайтыс болды.

Халқымыздың, большевиктер партиясының сүйікті ұлы, азамат соғысының данқты қолбасшыларының бірі М. В. Фрунзенің есімі ерліктің, өз Отанына берілгендіктің бейнесі. Оның ардақты есімі мәңгі ұмытылмайды.

Т. ЫДЫРЫСОВ.

## Алексей Толстой

Еліміздің атақты жазушысы, ірі қоғам қайраткері Алексей Николаевич Толстой 1945 жылы 23 февральда қайтыс болды. А. Толстой өзінің бар өмірін, күш-жігері мен талантын Отанға адал қызмет етуге жұмсады. Көптеген көлемді шығармаларымен еліміздің мәдениеті мен әдебиетін көркейте түсті.

А. Толстой жазушы ретінде 1907 жылы «Лирика» атты өлеңдер жыйнағы жарыққа шыққан соң көзге түседі. Кейін, 1910—1915 жылдары, әбден төселген жазушы болып алады. Бұл кезде А. Толстой «Никитаның балалық шағы», «Ақсақ мырза» атты және басқа да шығармалар жазып, өзін орыстың өнегелі әдебиетін ілгері дамытушы етіп танытты.

Алексей Толстойдың творчестволық талантының қаулап өскен кезеңі Совет дәуірінде болды. Бұл кезде ол шығармаларының санын да, көркемдік сапасын да бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге жеткізді. Жазушы осындай ірі шығармаларының бірі «Өмір талқысы» дейтін әйгілі



трилогиясын жазды. Одан соң осы шығарманың жалғасы ретінде «Астық» («Царицынды

қорғау») деген кітабы шықты. Бұл кітапта совет халқының ақгвардияшылар мен интервенттерге қарсы күресі айқын көрсетілді.

Алексей Николаевичтің келесі үлкен шығармасы «Петр I» романының соңғы бөлімдері жазушы қайтыс болардан сәл-ақ бұрын жазылды. Бұл роман 1941 жылы Сталиндік бәйге алды (алғашқы бөлімдеріне).

А. Толстой балалардың сүйікті жазушысы болды. Балаларға арнап көптеген әңгіме, ертегілер жазды. Оның «Орыс ертегілері» «Алтын кілт» деген кітаптарын балалар аса сүйіп оқыйды. «Пионер» журналында басылған «Нак ештеңе көріп білмеген сыяқты» деген әңгімесі де өте қызық.

А. Толстой еліміздің қоғам өміріне ылғый белсене араласып отырды. Ол ССРО Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. Ол өзінің әдебиеттік талантын қоғамдық өмірмен осылай ұштастырды.

Алексей Толстой — жастардың аса сүйікті жазушысы.

М. БАЗАРБАЕВ

